Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 42 (1149)

20.10.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӘЛЕУМЕТ

6500-ДЕЙ ЖАС ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНЕ ҚАРАҒАНДА ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕГІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРГАН-ДАРЫНА (1 ҚАЗАНДАҒЫ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША) 12 440 ЖАС ЖҮГІНСЕ, ОНЫҢ 6577-СІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН. БҰЛ ҚАТАРДА 3931 ЖАС ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ТҰРДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



Қоғамдық жұмыстарға жастар арасынан 1544 адам, әлеуметтік жұмыстарға – 117 адам, жастар практикасына – 629 түлек, алғашқы жұмыс орнына – 331 адам, ұрпақтар келісімшартына – 25, қысқа мерзімді кәсіби оқытуға 242 тартылды. Электронды еңбек биржасында онлайн оқудан өткендер – 640, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 1735 адам жолданды, грант алғандар – 82, шағын несие алғандар – 268 адам.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың сөзінше, қазіргі кезде қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 651 адам, оның ішінде жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқа мерзімді оқытуға 628 адам және жұмыс берушілердегі бар жұмыс орнындарына 23 адам жіберілген. Бұл ретте әзірге белгіленген жоспардың орындалуы – 81,3 пайыз. Қысқа мерзімді оқуды 464 адам аяқтап, олардың 435-і тұрақты жұмысқа тұрған.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы шеңберінде қысқа мерзімді оқыту бойынша биыл 800 адамды оқыту жоспарланса, оған 283,6 млн. теңге бөлінген. Ол үшін өңірлік комиссия бүгінгі күні оқу орындары мен орталықтардың тізімін жасап, бекітіпті. Бұл тізімге облыстағы 9 колледж бен 22 оқу орталығы енген.

Облыстың мансап орталықтарының мәліметтеріне қарағанда, техникалық мамандықтарға, сұлулық саласындағы мамандарға деген қажеттілік көп екені байқалады. Атап айтқанда, дәнекерлеуші, автомобиль жөндеуші слесарь, технологиялық қондырғыларды жөндеуші слесарь, электрондық-есептеу машиналарының операторы, ветеринариялық санитар, ауыл шаруашылығы өндірісінің трактортшы-машинисі, аспаз, электргаз дәнекерлеуші, электромонтер (барлық атауы), кондитер, пішуші, бухгалтер, жиһаз жинақтаушы, маникюр шебері, тігін ісінің шебері және т. б. мамандықтар бойынша оқытылады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН ЖАЛҒАСУДА

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНЕ ҚАРАҒАНДА, 12 ҚАЗАНДАҒЫ ДЕРЕК БОЙЫНША СЕБІЛГЕН 324,4 МЫҢ ГЕКТАР ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ 272,7 МЫҢ ГЕКТАРЫ НЕМЕСЕ 84, ПАЙЫЗ ОРЫЛЫП, 544,6 МЫҢ ТОННА АСТЫҚ БАСТЫРЫЛДЫ.

Орташа өнімділік гектарына 20,0 центнерді құрап отыр. Соның ішінде масақты-дәнді дақылдардың 260,2 мың гектары немесе 97,7 пайыз орылып, 468,9 мың тонна астық бастырылды.

Шаруалар қант қызылшасын жинауға да белсене кірісіп жатыр. Бүгінгі күнге тәтті түбірдің 3,5 мың гектары немесе 41,2 пайыз жиналып, 142, 4 мың тонна өнім алынды, әзірге орташа өнімділік гектарына 402,4 центнерді құрап отыр.

Дәндік жүгерінің 12,2 мың гектары немесе 21,4 пайыз жиналып, 74,8 мың тонна өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 61,3 центнерден айналды.

Күріштің 300 гектары немесе 27,7 пайыз жиналып, одан бүгінгі күні 0,94 мың тонна өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 32,0 центнер болып отыр.

Майлы дақылдардың 26,9 мың гектары (33,4%) жиналды, 43,2 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділік гектарына 16,1 центнерді құрайды.

Картоптың 9 мың гектары немесе 76,2 пайыз жиналып, одан 185,9 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділік гектарына 205,7 центнер. Көкөністің 7,1 мың гектары немесе 94,1 пайыз жиналып, 211,6 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділік гектарына 298 центнер болып отыр.



Бақша дақылдары толығымен жиналып болды. 1,8 мың гектардан 51,5 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділік гектарына 286,1 центнерді құрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

САРБАЗДАР МЕН «ЖЕТІСУ ТАРЛАНДАРЫ» құттықтауларын жолдады

25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫНЫҢ САРБАЗДАРЫ МЕН «ЖЕТІСУ ТАРЛАНДАРЫ» БАРША ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫН ЖОЛДАДЫ.







18404 әскери бөліміне Алматы және Шымкент қаласынан Отан алдындағы борыштарын атқаруға жуырда келген Шыңғыс Исаев, Роман Пешехонов және Нұрмұхамед Разақ туыстарын айтулы мереке Республика күнімен құттықтап, олардың қалжағдайларын білуге мүмкіндік алып, бейнеқоңырау арқылы тілдесті.

Сондай-ақ, үстіміздегі жылдың көктемінде 18386 әскери бөліміне әскери борышын өткеруге Шымкент шаһарынан келген сарбаз Марғұлан Мелдебек те өз құттықтауын жеткізіп, бейбітшілік және бақ-береке тіледі.

Осы орайда Талдықорғандағы К.Ушинский атындағы №7 орта мектептің жоғары сынып оқушыларынан құралған «Жетісу тарландары» клубының мүшелері Қасым Басепхан, Жанұя Әділ, Алихан Мадиев, Діләлиз Манарбек, Еламан Мұратқали және Перизат Бабахан да мереке қарсаңында өздерінің ақ тілектерін жолдады.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЯНДЕКС NIS–ТЕ

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында Яндекс бағдарламалау мектебінің ресми ашылуы өтті.



Курс тыңдаушыларын ақпараттық технологиялар саласындағы ірі компаниялардың бірінің өкілдері ресми түрде құттықтады. 20 мектеп оқушысы бір жыл бойы бағдарламалауды тегін оқитын болады. Солардың қатарында Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушысы Байтас Құрмантаев та бар.

Оның сөзінше, Яндекстің Python тілінде бағдарламалау негіздері курсы оған мол тәжірибе, білім және болашақта әзірлеуші болу жолында ілгерілеушілік береді.

Қазақстан Республикасы бойынша GR Yandex компаниясының басшысы Сұлтан Бижановтың айтуынша, Яндекс білім беру бастамасы – бұл технологияның көмегімен елдегі білім беру ортасын жақсарту бағдарламасы болып келеді.

«Billing 360» сервисінің әзірлеушісі Дастан Иемберген оқушыларға бағдарламаны меңгеруге көмектеседі. Дастан Талдықорған Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2015 жылғы түлегі. Бүгін ол Яндекстің табысты IT маманы.

«Туған жерге дарынды оқушыларға тәлімгер ретінде қайта оралғаныма қуаныштымын. Мен Назарбаев Университетінде үшінші курста оқып жүргенімде Яндекс лицейінде сабақ беру тәжірибем болды. Бағдарламалау курсының биыл Талдықорғанда ашылғанына өте қуаныштымын» , – дейді ол.

Курс түлектері бағдарламалау мектебін аяқтағаннан кейін Яндекс Лицей-де онлайн форматта әрі қарай айти-саласында оқуын жалғастыра алады. Оқушыларға Go немесе Мамандану: ойындарды әзірлеу, деректерді талдау, машиналық оқыту немесе Django-да веб-әзірлеу бойынша жаңа курстарын таңдауға мүмкіншілік беріледі.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Күнделікті хабар ошардан гендер, гендерлік саясат деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Бұл ұғымдардың не жайлы мәселе қозғайтынына кейбіреулер мән бермеуі де мүмкін. Сондықтан осы тақырып төңірегінде әңгіме өрбітсек артық болмас.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕГЕ ЖЕТЕ МӘН БЕРІЛУДЕ

Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, бұрын «әйел теңдігі» ұғымы-мәселе болса, бүгінгі күні ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласып, мемлекет басшысының қолдауымен осы гендерлік теңдік аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң қабылданды. Аталмыш Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы, қысымды болдырмауға ықпал етеді. Ендеше біздің елімізде бұл маңызды мәселеге жете мән берілуде.

Айта кету керек, заң талабы бойынша әйелдерді саясатқа, үкіметтік билік органдарына, экономикаға, бизнеске қатыстыру, ана мен бала денсаулығын қорғау, сонымен қатар отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұру мәселелері жүзеге асырылуының арқасында қыз-келіншектер қызметке кеңінен тартылып, қай салада қызымет етпесін, өз беделдерімен қатар, сол сала жауапкершілігін де арттырып, жұртшылық құрметіне бөленуде. Демек, қазіргі кезде ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету – уақыт талабы. Осы мақсатта елімізде жүзеге асырылып жатқан "Гендерлік теңдікке қол жеткізудің стратегиясы" бойынша ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру көзделіп отыр. Стратегия — мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

Соңғы жылдары еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналыса бастады. Осының нәтижесінде елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскені жасырын емес. Соның арқасында біз өмір сүріп отырған заманда әйелдердің қоғамдағы рөлі де күшейе түсті. Бүгінгі таңда елімізде әйелдер қолы тимеген сала жоқ десек артық айтқандық емес. Мемлекет қайраткері, батыр, ел басқарушысы болған көрнекті әйел тұлғалардың есімдері белгілі. Қазір қоғам болып ұстаз қауымының мәртебесін көтеруге күш салуда. Білім заңына да «ұстаз мәртебесі» деген арнайы бап енгізілді. Ұстаз адамның адам болып қалыптасуына ықпал жасайтын бірден бір маман. Осы орайда ұстаз еңбегінің бағалануы өте дұрыс. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға, өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу механизімін дайындауға белсенді түрде қатысуда.

Жанар МҰХАТАЕВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

ПРЕДОСТАВИЛИ АЛМАТИНСКОЙ ПОЛИЦИИ САМОКАТЫ

Предприниматели предоставили алматинской полиции самокаты для эффективного задержания нарушителей. Алматинская палата предпринимателей, Управление городской мобильности города Алматы, Департамент полиции и бизнес-сообщество подписали Меморандум о сотрудничестве рабочей группы по направлению «Микромобильность» Совета по транспорту и логистике г. Алматы., - передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы.



В Палату предпринимателей города Алматы поступило коллективное обращение предпринимателей, занятых в сфере грузоперевозок в Казахстане и за рубежом. При регистрации ИП указанные предприниматели вынуждены были выбрать деятельность по Общему классификатору экономической деятельности (ОКЭД), предусмотренную под № 52291 (Транспортно-экспедиционные услуги) и № 52299 (Прочая транспортно-экспедиционная деятельность), так как ОКЭД не предусматривает отдельно транспортную деятельность.



«Предпринимателями, согласно указанным видам деятельности, был выбран специальный налоговый режим и в течение ряда лет (от 1 года до более 5 лет) своевременно в налоговые органы предоставлялись предусмотренные налоговым законодательством отчеты. Но в июне 2023 года предпринимателям из районных налоговых органов поступили уведомления об устранении нарушений, выявленных органами государственных доходов по результатам камерального контроля», – сообщил Управляющий директор Палаты предпринимателей города Алматы Мейрамбек Каныбеков.

Органы государственных доходов указывают на то, что «предпринимателями неправомерно применен специальный налоговый режим, в связи с чем им необходимо предоставить налоговую отчетность в общеустановленном порядке с первого числа месяца, в котором возникло несоответствие», то есть с первого дня осуществления своей деятельности.

«Вызывает удивление тот факт, что налоговые органы заявляют требования предпринимателям о переходе на общеустановленный налоговый режим по истечению длительного, более 5 лет времени с начала их деятельности. В течение длительного времени налоговые органы принимали от предпринимателей своевременно предоставляемые ими отчеты о деятельности, и не предъявляли к ним никаких требований о переходе на общеустановленный налоговый режим», – добавил Мейрамбек Каныбеков.

В налоговом законодательстве отсутствуют какие-либо сроки, в течение которого налоговый орган обязан уведомить предпринимателя о несоответствии выбранного им налогового режима при осуществлении своей деятельности.

«Мы представители микро-бизнеса. Мы хотим услышать ответ именно от налогового органа. Мы считаем, что те уведомления, которые пришли нам, они незаконны. Такие уведомления приходят не только в Алматы, такая же волна была в Костанайской области. Если налоговые инспекторы будут настаивать на своей позиции, это приведет к разорению микро- и малого бизнеса. Эти уведомления пришли спустя три года, почему до этого времени налоговые органы молчали?», - сказала представитель ИП «Электротранс» Анастасия Юрченко.

Предприниматель напомнила, как начинается бизнес индивидуальных предпринимателей.

«Приходит предприниматель в первую очередь в налоговую инспекцию. Там он озвучивает то, чем хочет заниматься, он озвучивает какие услуги будет оказывать, какой продукт будет производить. Налоговый инспектор его консультирует, подбирает подходящий ОКЭД. Так было со мной 2015 году, я не открывала ИП через Каспи или другие способы онлайн. Я намерена шла получить консультацию у налогового инспектора. Мне предложили взять этот ОКЭД. Потом более семи лет я сдаю отчеты по 910 форме. То есть у меня их принимают и ничего не говорят. Неужели не хватило этих годов, чтобы сказать, что предприниматель работает не на том режиме? Теперь от нас требуют задним числом встать на общеустановленный режим. Соответственно у нас вытекают огромные штрафы», – сообщила Анастасия Юрченко.

С такой ситуацией в Палату обратились более 150 предпринимателей малого и микробизнеса.

По мнению предпринимателей, уведомления должны направляться предпринимателям в срок не более 30 календарных дней со дня получения налоговым органами налоговой отчетности от предпринимателя.

Таким образом, на текущий момент правовая проблема заключается в том, что наличие в Налоговом кодексе вида договора в виде агентского, не предусмотренного Гражданским кодексом, противоречит нормам гражданского законодательства, нарушает его основные принципы. В результате такой правовой неопределённости налоговые органы имеют для себя комфортную возможность произвольно, по своему усмотрению относить любой договор к числу агентских договоров (соглашений), принимать это в качестве оснований для подачи судебных исков.

«В связи с изложенным, с учетом исключительной актуальности соблюдения прав предпринимателей, требования Главы государства о неукоснительном соблюдении всеми госорганами и судами их конституционных прав, предлагаем по итогам обсуждения внести в НПП «Атамекен» письмо с ходатайством об обращении в законодательный орган», – отметил председатель Совета Юрий Тлеумуратов.

Спикер добавил, что обращение в законодательный орган должно включить вопросы:

- по определению в налоговом законодательстве сроков направления налоговыми органами уведомлений о допущенных предпринимателями нарушениях, со дня получения налогового отчета от предпринимателя;

- по уточнению и конкретизации пункта 3 статьи 683 Налогового кодекса РК с целью гармонизации этой нормы с положениями Гражданского кодекса РК, а также исключения произвольного, по усмотрению налогового органа отнесения любого договора к числу агентских договоров (соглашений).

ТУРИЗМ

РАВНОВЕСИЕ МЕЖДУ ПОПУЛЯРНОСТЬЮ И КАЧЕСТВОМ В ТУРИЗМЕ

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей города Алматы, при поддержке Палаты предпринимателей г. Алматы (РПП) на горнолыжном курорте «Акбулак» был организован информационный тур для представителей ключевых туристических компаний. Основной задачей мероприятия является оптимизация потоков туристов на территории алматинской агломерации и снижение нагрузки на ведущие горнолыжные курорты Алматы.



Генеральный директор горного курорта «Акбулак», Акыл Рахимбаева, приветствовала гостей: «Мы рады предоставить вам услуги нашего курорта. Здесь каждый сможет найти что-то особенное для себя, будь то наша оздоровительная программа «Акбула» включающая в себя а проживание в горном отеле, трёхразовое сбалансированное питание, горные маршруты различной степени сложности, а также физио, бальнеопроцедуры и интенсивные тренировки».

Территория курорта порадует гостей смешанными лесами, где доминирует кедровая сибирская сосна. Эти деревья выделяют фитонциды, способствующие подавлению роста болезнетворных бактерий, делая прогулки по таким тропам особенно полезными.

В рамках экскурсии по курорту представители тур.бизнеса ознакомились с инфраструктурой горного курорта: гондольными и канатно-кресельными дорогами, подъемниками и траволаторами для удобства гостей, а также с круглогодичным спортивным комплексом, предназначенным для проведения мероприятий различного масштаба. В составе инфраструктуры также есть горный отель с номерами класса люкс, полулюкс, стандарт, семейный и президентский номера, ресторан с панорамной террасой, бассейн, SPA-центр и открытые спортивные площадки.



Алишер Турсын, Председатель Совета по туризму г. Алматы и Заместитель управляющего директора по отраслевому туризму Палаты предпринимателей г. Алматы, подчеркнул необходимость особого внимания к нагрузке на популярные туристские объекты и горнолыжные курорты: «Нам важно обеспечить, чтобы каждый турист получил качественный отдых. Равномерное распределение посетителей позволит предотвратить ситуации переполненности (овертуризма) и повысить стандарты обслуживания. Необходимо активно развивать и привлекать внимание к другим туристским объектам и горным курортам вблизи мегаполиса».

Алишер Турсын также подчеркнул значимость постоянных инвестиций для соответствия мировым стандартам. Он выразил уверенность в том, что «Наши курорты должны оставаться лидерами в отрасли, обеспечивая высококачественные услуги и предоставляя гостям уникальные впечатления. Инвестирование сегодня — это не только стратегическое вложение в инфраструктуру, но и залог успешного будущего туризма в нашем регионе, что в свою очередь будет способствовать экономическому росту и развитию».

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

САУАТСЫЗ МҰҒАЛІМ,

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ҚЫЛМЫС АТАУЛЫНЫҢ БӘРІ МЕКТЕПТЕ БОЛЫП ЖАТЫР. ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҰШЫРАҒАН КІМ – ОҚУШЫ, МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖҮКТІ БОЛЫП ҚАЛҒАН КІМ – ОҚУШЫ, МЕКТЕПТЕГІ ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ТӨБЕЛЕСІ, МҰҒАЛІМГЕ БАҒЫНБАУ, ӘЛДІЛЕРІ ӘЛСІЗДЕРІН ЖҮНДЕП, ВИДЕОҒА ТҮСІРІП, АҚША БОПСАЛАУ, АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫН ҚЫЗҒЫШТАЙ ҚОРУЫ, МҰҒАЛІМДІ СОТҚА БЕРУ, ОСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫНЫҢ АСТАРЫНДА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ ҚҰЛДЫРАП КЕТКЕНІН КӨРУГЕ БОЛАДЫ.



«Алты Алаш түгел жиналса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп айтқан Мағжан Жұмабаевтың ұлағатты сөзі бүгін әдіре қалған. Ащы айтты деп сөксеңіздер өздеріңіз білесіздер. Ақиқаты осы. Өйткені мұғалімнің қадірі қашты. Кешегі кеңестік кезеңде көшеде мұғалімді көріп қалса, айналып қашатын шәкіртті бүгін итпен іздеп таппайсың. Керісінше мұғаліммен жағаласқан, қол көтерген, мұғалімнің өзін сыныптан бездіріп жіберетін жабайы көріністерді көгілдір экраннан, интернет желілерінен көзіміз шалады. Сонда «Мұғалімнің қадірін қашырған кім?» деген сауал сананың шаңын қағады. Бұған білім саласына 30 жылдай жасалған жүйесіз реформалар мен мұғалімді отқа да, суға да салған билік кінәлі. Сапалы білім жүйесін қалыптастырмай, идеологиялық тәлім-тәрбие қадағалаусыз қалды. Қоғамда бай баласы кедей баласы деген екі топ қалыптасты. Жағдайлары аса жоғары емес топтағы балалардың білім алуы күрделенді. Бұған қоса мемлекеттік мектептегі сабақ беретін мұғалімдердің білім деңгейлері сарапқа салынбады. Жалған диплом сатып алып сабақ берген, олардың арасында бұрын сотты болған мұғалімдер сабақ бергенін және жалған категория сатып алғандардың санын прокуратура органдары әшкерелеп берді. Осыдан кейін білім сапасы төмендемегенде, сауатсыздық белең алмағанда қайтеді? Дүниежүзілік банктің сарапшылары Қазақстанның мемлекеттік мектептерінде оқитын балалардың 64,2 пайызы функционалдық сауатсыз деген ақпараты әлем желілеріне тарады. Бұл жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша анықталған факті. Демек, мектептегі білім беріп жатқан ұстаздардың білім деңгейін сұрыптайтын уақыт әлдеқашан жетті деген сөз. Бұл бағытта сарапшылар: «Қазақстан: инклюзивті және төзімді өсімге қол жеткізу үшін мемлекеттік қаржыны күшейту» ДБ жаңа есебінде банк сарапшылары Қазақстандағы білім сапасы туралы дабыл қағуда. Олардың айтуынша: НЗМ оқушыларының функционалдық сауатсыздық деңгейі (6 пайыз) экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымындағы орташа көрсеткіштен (22,6 пайыз) төмен болса, Қазақстанның мемлекеттік мектептеріндегі балалардың 64,2 пайызы – функционалдық сауатсыз екенін айтады. Жеке басқа табынып, экс президент Нұрсұлтан Назарбаев атындағы жеке мектеп, жоғары оқу орындарын ашып жарыстық. Онда ЖІӨ-нің 2,3-3,9 пайызына жеткен. Бұл табыс деңгейі орташадан жоғары елдерге қарағанда төмен екенін айтуда. Сондай-ақ, 2018 жылы Қазақстан Назарбаев Зияткерлік мектептеріне (НЗМ) төрт есе көп қаржы жұмсалыпты. Ал олар барлық орта мектеп оқушыларының 0,4 пайызына ғана тең болғанын мәлімдеуде. Қай ата-ана баласының сапалы білім алғанын қаламайды дейсіз. Кім баласын НЗМ-де және озық үлгідегі мұғалімдері іріктеліп алынған мектепте оқытқысы келмейді. Жағдайлары аса жоғары емес әулеттердің мұндай мектептерге ақы төлеп оқытуға қалтасы көтермейді. Қарызданып, қауғаланып, баласының болашақ тағдыры үшін несие алып оқытып жүрген отбасылар да бар. 8-9 сыныптан бастап балаларын қосымша дайындайтын ақылы оқу курстарына жаппай беріп жатқан ата-аналардың балаларының бәрі бірдей жоғары оқу орнына түсіп кетіп жатқан жоқ. Кешегі кеңестік кезеңде мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы және тамақ өнімдері, энергетикалық, су ресурстары мен экологиялық бағыттағы оқу орындарына бүгінгі жас түлектердің көбі бара бермейді. Оның түп қалыбы мектептердегі балаларды еңбекке баулу үрдісінің сабақтастығы жойылған. Жекешелену процесіндегі басты олқылықтардың бірі осы. Аграрлық саладағы маман тапшылығы сезілгенде дабыл қағылып, баяғы «токарь», «слесарь», «дәнекерлеуші», құрылыс мамандары мен электр және кран айдаушы газ жүйесіндегі мамандарын даярлайтын колледждер қайта жабдықталды. Мақаланың ауданы сауатсыздық төңірегінде болғандықтан, дүниежүзілік банктың сарапшылары берген ақпарат бойынша қазіргі уақытта оқушылардың шамамен үштен екісі әлемде сәтті жұмыс істеуге дайын емес. Атырауда оқушылар НЗМ-де, құрдастарынан орта есеппен төрт жылға артта қалып отыр, деп хабарлайды. Демек, сауатсыздықтың түп төркінін анау-мынау бала оқи алмайды. Оқуға ақы төлейсің. Жағдайлары аса жоғары емес әулеттің балалары жақсы оқып, НЗМ-де білім алғысы келсе ақы төлей алмайды. Бірақ, мұнда оқитын оқушыларды қабылдау прогрессивті емес екенін дүниежүзілік банктың сарапшылары дәлелдеп отыр. Бұл төңіректе Парламент Мәжілісіндегі отырыста депутаттар да мәселе көтерген болатын. Бұл мектепте білім алатын балалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарапайым мектептердегі балаларға қарағанда жақсы. Бұл жайлы дүниежүзілік банктің есебінде айтылған. Мемлекеттік мектептердегі сауатсыздықты жою мақсатында сарапшылар ұсынылған есеп жүйе әділ болуы үшін жаңадан енгізілген қаржыландыру формуласына әділеттілік компонентін қосу қажет дейді. Дүниежүзілік банктің мәлімдеуінше, бұл жағдайы аса жоғары емес топтағы оқушыларды, қосымша ресурстар мен педагогикалық қолдауды қажет ететіндерді оқытуды қаржылай қолдау үшін керек болып тұр. Сарапшылардың берген мәліметі бойынша, 2000-2018 жылдары Қазақстанның білім беру шығындары





Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

САПАСЫЗ ОҚУЛЫҚ...

білім алып жатқан баладан емес, балаға білім беретін мұғалімнен іздеген жөн. Жекешелендіру дәуірі басталып, қоғамда жаппай жұмыссыздық белең алғанда, әсіресе елді мекендердегі жұмыс көзі тек мектеп саласы болып қалды. Тамыр-таныстық, сыбайластық білім жүйесіне сол кезден бастау алды. Көзін тапқандардың бәрі мектепке жүгірді. Тым құрығанда еден жуушы, күзетші, диплом сатып алғандар мұғалім болып орнықты. Сапалы білім беру жолда қалып, сауатсыздық төрге шықты. Мұның бас жағында білімге жауапты министрлер тұрақтамады. Ең көп министр ауыстырған да білім жүйесі болды десек , қателеспейміз. Әр министр өз реформасын тықпалады. Одан бөлек, оқулықтардағы қамқа тонға сіркелеген биттей, қаптаған қателіктер оқушы түгілі мұғалімдердің өзін шатастырды. Бұл айғай шуға Парламент депутаттары қосылып «министр мырза, әліппені кері қайтарыңыз» деп өңеш жырта айғайлап, оқулықтардағы қателіктерді жіпке тізген моншақтай санап берді. Бүкіл мектеп саласы сабақты жиып қойып, ҰБТ-мен айналысып кеткен кезеңдер болды. Өйкені білім саласы ҰБТ-көрсеткішімен бағаланды. Мектепті алтынға бітіретін түлектер көбейді. Олардың көбі сынақ кезінде алтынын қорғай алмай, жоғары оқу орнына түсетін кезде ата-аналар мен мұғалімдер түлектердің қасқабағын бағумен болды. ҰБТ-ның сұрақтарынан сүрініп шыққан оқушылар «Абылайдың атының аузындағы тісі қанша?» деген сұрақ келді деп жылады. Яғни, қайта-қайта реформа жасаған министрлердің қателігінен мектептегі білім сапасы жақсармады.

Керісінше мектептерде сауатсыз мұғалімдер сабақ берді. Оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсті. Идеологиялық тәлім-тәрбие тасада қалды. Ата-ана бар жауапкершілікті мектепке жүктеп, өздерінің күн көріс қамымен базарлап кеткенін, бала тәрбиесін шетке ысырып қойғанның әсері өз жемісін берді. «Қазақтың бақпасаң мал кетеді, қарамасаң бала кетеді» деген тәмсілі айна қатесіз келді. Жалған диплом сатып алған сауатсыз мұғалім балаға қайтіп сабақ береді? Мектептегі мұғалімдердің білім берудегі сапасы сұрыпталмады. Күні бүгінге дейін прокуратура органдары жалған диплом, жалған сертификат сатып алушыларды әшкерелеп келеді. Мұғалімдердің білім деңгейін көтеру категорияға қатысты болды. Оның арты білімін дәлелдей алмаған мұғалімдер сынақтан өте алмасын білген соң, тамыр-таныстық пен сыбайластыққа жол іздеді. Оған жол берген де білім саласына қатысты тестілеуге жауапты мамандар болып шықты. Осындай сауатсыз мұғалімдердің кесірінен қанша баланың болашағына балта шабылды екен. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген осы. Мұндай мұғалімдер мектептің ғана емес, қалың елдің ертеңгі болашағының тамырына балта шапты... Ал осындай сауатсыз мұғалімді жұмысқа алған, оның әр өткізген дәрісіне бақылау жасамаған мектеп басшысы да білім саласынан қуылуы тиіс. Мектепте білім сапасын жаңғыртудың орнына комиссия келе жатыр десе мұғалімдерден ақша



жинау, қыл аяғы үйіндегі жұмысына мектептің шаруашылықтағы жұмысшыларын жегіп қойған талай мектеп басшылары туралы көгілдір экраннан көрсетті ғой. Әсіресе, Түркістан облысындағы және басқа өңірлерде мұғалімдердің мектеп басшылығына қарсы ереуілдері елдің жағасын ұстатты. Мұндай келеңсіздік Жетісу облысында да болды. Аттарын атап, түстерін түстемейақ қоялық. Олар да адам баласы ет пен сүйектен жаралған пенде. Шыны керек, байырғы мектепте ұзақ жыл мұғалімдік қызмет атқарған ардагер мұғалімдермен сөйлессең білім саласындағы жүйесіздікті айтып бастарын шайқайды және олардың артында қорғаштап тұрған адамдарда анау-мынау емес дейді.

Иә, нағыз маман өз ісінің білгірі. Жаны қалап, таңдап алған мамандығының ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген мұғалімдер жетерлік. Олар әрдайым білімдерін жетілдіріп отырады. Алдына келген оқушының мінез-құлқына зер салып, ыңғайын тауып, білімді болуына күш-жігерін жұмсайды. Ондай ұстаздарды мектеп түлектері де құрметтейді. Тіпті, есейіп білім ұяларынан қанаттанып кетсе де ауыздарынан тастамай, «апайымыз», «ағайымыз» деп мақтанышпен айтып жүреді. Әр пән мұғалімнің өзіне тән жұмыс істеу қағидасы бар. Мейлі ол математик, физик, не әдебиетші болсын, өз саласының бесаспап маманы болуы тиіс. Баланың бағын ашатын да сорына қалатын да мұғалім. Бағын ашқан ол – білікті, білімді ұстаз. Сорына қалған өзі сауатсыз мұғалімнің атын жамылып, мектептің атына кір келтіретін мұғалімдер білім ошақтарынан толық аластатылмай, мектеп басшыларының «бір беті ақ, бір беті қара» болып жүреді. Қазір қоғамда жекеменшік және мемлекеттік оқу орындары бар. Жекеменшік оқу орындары мұғалімдерді өздері үшін сұрыптап алады. Ал, мемлекеттік оқу орындарында сұрыптау бір деңгейде жүріп жатқан жоқ. Оған құқық-қорғау органдарының фактілері айғақ бола алады.

Тәуелсіздік алған отыз екі жылдың ішінде білім жүйесіндегі үстірт жасалған реформалар мұғалімдерді танауын тасқа соққан балықтай



сансыратты. Ұстаздардың үнжырғасын түсіріп, шауып кел, барып кел дейтін қолбалаға айналдырды. Тіпті жазушылар жазған кітаптарын өткізу үшін мектептерге таратты, қыл аяғы концерт қойып келген әншілердің билетін өткізу мектептерге жүктелді. Ол онсыз да сансырап жүрген мұғалімдердің қалтасына соқты. Газет-журналдарға жазылу науқаны мұғалімдердің қыл-көпірден өткенмен бірдей болды. Одан бөлек сайлау басталса көше аралау, әкімдіктердің түрлі шараларына мұғалімдер мен оқушыларды тарту үрдіске айналды. Ақыр аяғы бұл үлкен дауға айналып, білім министрлігін экс министр Асхат Аймағамбетов басқарғанда бұл келеңсіздіктерге тоқтау салынды. Ал, оқулықтардағы сауатсыздық та мұғалімнің қадір-қасиетіне кері әсерін тигізбей қоймады. Баспадан басылып шыққан оқулықтардағы сауатсыздық бастауыш сыныптан бастап жоғарғы сынып, одан қалса, ҰБТ-дағы сынақ сұрақтары мектеп түлегі тұрмақ, білім берген мұғалімдердің миын ашытты. Бұл қателіктер әлі де толық жойылып кеткен жоқ, жылма-жыл баспадан басылып шығатын оқулықтардан көруге болады. Қадірі қашқан мұғалімді оқушылар да басынып алған. Жандары күйіп, күйзеліп кеткен мұғалімдер қол көтергені үшін жұмыстан қуылды. «Балам, мұғалімге сый-құрметпен қара» дейтін ата-ана да баласын жазалаған үшін мұғалімді сотқа сүйреді. Оқушы мұғалімнен емес, мұғалім оқушыдан қорқатын дәрежеге жетті. Тіпті мектеп ауласынан бөлек жасалған ағаттыққа да мұғалімді мектеп әкімшілігі жауапқа тартатын болды. Бұдан бөлек, бала психологиясына кері әсер беретін ұялы телефондағы жабайы көріністер бала жүйкесіне әсер етпей қоймады. Мағжан айтқан төрдегі орын мұғалімге тимеді. Мұғалімнің қадір-қасиеті есікке сырғанап түсті. Оған сауатсыз мұғалімдер мен отыз жылдың ішінде басылған сапасыз кітаптар өз үлесін қосты. Дүниежүзілік банк сарапшылары анықтаған бұл фактілер оқу орындарындағы сыздап тұрған қан-соқта жараның жарылуына тұспа-тұс келді. Мұғалім сауатсыз, оқулық сапасыз болса, мектептердегі оқушылар да сауатсыз болмағанда қайтеді...

Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 23 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.30 «Жәдігер»
06.30, 05.00 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 21.30 Т/х«Сезім толқыны»
13.10 Т/х«Сезім толқыны»
13.30, 03.35 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.20 «Апта»
16.10 «Ақорда»
16.20, 04.25 «Мәншүк. Әкеге араша түскен қыз» деректі фильмі
17.10, 01.55 Т/х «Ағайынды»
20.35, 02.45 «Ашық алаң» ток-шоу
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.50 «Сана»

ХАБАР

05.00 Х/ф «Париж подождет»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мектеп»
10.30 Мультфильм
12.00, 20.00 Т/х«Тағдырға сен»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Т/х «Келінжан »
16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 Т/х «Рауза.Сакура-жас өркен»
23.00 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00,00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Ангел хранитель»
17.10 Телесериал «По синим волнам»
17.55Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Правда о деле Гарри Квеберта»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка-2»
01.00 Сериал «Бизон.Дело манекенщицы»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10, 03.30 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Кел, шырқайық!»
11.00 «Парад юмора»
12.30 Мелодрама «Мой любимый призрак»
15.00 Т/х «Намыс»
18.00 Т/х «Пленники»
19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40Мелодрама «Сердце матери»
00.00 «Под прикрытием»
02.10 «Было дело»
03.30 Т/х «Мен сұлумын»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
10.05 «Әсем әуен»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Әсем әуен»
12.30 «Бағыт»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Кэ Бек» телехикаясы
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Кэ Бек» телехикаясы
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.45«Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00 «Күліп ал»
07.40 «BalaFunny»
08.00, 23.10 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00, 11.00 Мультсериал
12.00 «Qazaq Stand Up»
12.30 «Tik-Tok» шоу
13.10 «Time Vine»
13.40 «Красный воробей»
16.40 «Армагеддон»
20.00 Информбюро
21.00 «Ангелы Чарли»
01.00 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
09.00, 03.00 Т/х «Қадам»
09.40 «Семейные узы»
10.50, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
11.50, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
12.50 «Баттл сөз»
13.20 «Q-елі»
14.00, 00.20 «Қыздар-ай» ток-шоуы
15.00 «Қызықты weekend»
16.00, 02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40 Т/х «Ағайынды»
20.00 Сериал «Тетя Марта»
20.40 Сериал «Последствия»
22.20Сериал«Частная жизнь»
01.20 Т/х «Құзғын»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 24 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.30 «Жәдігер»
06.30, 05.00 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 21.30 Т/х «Сезім толқыны»
13.10 Т/х «Сезім толқыны»
13.30, 03.35 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.20 «Апта»
16.10 «Ақорда»
16.20, 04.25 «Мәншүк. Әкеге араша түскен қыз»
17.10, 01.55 Т/х «Ағайынды»
20.35, 02.45 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 «Сана»

ХАБАР

05.00 Х/ф «Париж подождет»
07.00 «Оян!»
10.00 «Школа»
10.30 Мультфильм
12.00, 20.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00 «Айналайн»
15.00 Т/х «Келінжан»
16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х «Рауза. Сакура – жас өркен»
23.00 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
10.15 Т/х «Кекеш келін»
12.00, 00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Ангел-хранитель»
17.55 Сериал «Как долго я тебя ждала»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00Т/х «Правда о деле Гарри Квеберта»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Два цвета страсти»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка-2»
01.00 Сериал «Бизон. Дело манекенщицы»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10, 03.40 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00 «Кел, шырқайық!»
02.05 «Было дело»
11.00 «Парад юмора»
12.30 «Мой любимый призрак»
18.00 Т/х «Пленники»
19.30, 04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.55 «Астарлы ақиқат»
21.40 «Сердце матери»
00.00 «Под прикрытием»
02.10 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.40 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.45«Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00 «Күліп ал»
07.40 «BalaFunny»
08.00, 23.10 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00,11.00 Мультсериал
12.00 «Qazaq Stand Up»
12.30 «Tik-Tok» шоу
13.10 «Time Vine»
13.40 Х/ф «Красный воробей»
16.40 Х/ф «Армагеддон»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Ангелы чарли»
01.00 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Ауыл дәрігері»
09.00, 03.00 Т/х «Қадам»
09.40 «Семейные узы»
10.50, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
11.50, 18.50 Сериал «На твоей стороне»
12.50 «Баттл сөз»
13.20 «Q-елі»
14.00, 00.20 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.00 «Қызықты уикенд»
16.00, 02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40 Т/х «Ағайынды»
20.00 «Тетя Марта»
20.40 «Последствия»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
01.20 Т/х «Құзғын»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Утерян кассовый аппарат марки ОКА 102 №00000215669 2015 года выпуска, закрепленный за Амитовым Олжасом считать недействительным.

Сәрсенбі - Среда, 25 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Әнім сен едің...»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
12.00, 23.30 «Республика» телемарафон
14.30, 02.55 «Жаңа Қазақстан. Жаңа белес»
15.05 «МузАрт» ансамблінің концерті
20.00 «Әлі де айтылмаған әнім бар...» Н.Өнербаевтың концерті
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 «Футбол»
03.35 «Күй-керуен»
04.20 «Мергендер мекені»
05.00 «ауылдастар»
05.30 «Жәдігер»

ХАБАР

05.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
07.00 «Оян»
10.00 «Республикам менің»
10.35 Мультхикая
12.00 Т/х«Тағдырға сен»
14.00 «Айнаонлайн»
15.00 «Өнер бары-сы-2023»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
22.00 Концерт «Cover show»
23.00 Сериал «Ұйқым келмейді»
00.00 Сериал «Следствие любви»

АСТАНА

06.00 Т/х«Қара шаңырақ»
07.40 М/с «Маша и медведь»
08.50 «Осман-2»
09.50 Көркем фильм «Домалақ ана»
12.00, 00.30 Т/х «Дастан»
13.00, 01.30 «Елге сәлем» М.Бесбаевтың концерті
15.35 Деректі фильм
16.00 Х/ф «Укрощение строптивого»
18.25 «Ауылға барам» Б.Рахымбековтің ән кеші
21.00 Спецвыпуск с участием Главы государства
22.00 Т/х «Осман-3»
23.00 «Лакшми» үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Правда о деле Гарри Квеберта»
06.50 «Той базар»
07.00 «Паутина»
09.00 Х/ф «Золотая рыбка»
10.50 Сериал «3 + 3?»
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30 Сериал «Горячая точка-2»
01.00 Сериал «Бизон. Дело манекенщицы»
02.00 «И все-таки я люблю»

КТК

07.05 «Рухы биік қазағым» Е.Аликеевтің патриоттық ән кеші
08.40 «Каникулы Офлайн-3»
10.20 «Можешь мне верить»
15.00 Т/х «Намыс»
18.30 Т/х «Өмір-сынақ»
19.30, 04.40-05.10 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Сердце матери»
00.00 «Под прикрытием»
02.10 «Шабдалы» көркем фильмі
03.40-05.00 «Әндер мен жылдар» ән шашу

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.40 «Ел іші - өнер кеніші»
10.00 «Бес қару»
10.30 «Әсем әуен»
11.00 «Республика күні» мерекелік шығарылым / тікелей эфир/
14.30 «Табыс кілті»
15.00 Республика күніне арналған мерекелік концерт
16.00 «Жас тілші»
16.30 Мерекелік концерт
18.00 «Бүгін»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Мерекелік концерт
20.30 Арнайы шығарылым
21.00 Мерекелік концерт
21.30 Специальный выпуск
22.00 Мерекелік концерт
23.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00 «BalaFunny»
07.20 «Күліп ал»
08.00 «Time Vine»
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00, 17.00 Анимационный фильм
11.00 «Сезім суретшісі»
12.20 Комедия «Хотя бы в кино»
19.10 Х «Хроники Нарнии. Лев, колдунья и волшебный шкаф»
22.20 Спец.репортаж «Моя-Республика»
22.30 «После нашей эры»
00.30 «Біздің шоу»
01.50 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Ауыл дәрігері»
09.00, 03.00Т/х «Қадам»
09.40 «Семейные узы»
10.50 Сериал «Доктор Надежда»
11.50 Сериал «На твоей стороне»
12.50 Док. фильм «Елмен қауышқан егемендік»
13.20 «Жаңа кезең»
14.00, 00.20 «Қыздар-ай»
15.00 Концерт
17.30 Х/ф «Время патриотов»
20.00 «Баттл сөз»
20.40 Сериал «Последствия»
21.40 Т/х «Ағайынды»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
01.20 Т/х «Құзғын»
02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
04.00 «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ҚАЗАҚ ҚАЗАҚТЫҒЫН САҚТАҒАНДА ҒАНА МҰРАТЫНА ЖЕТЕДІ

Елімізде діни алауыздық асқынып, өзекті мәселеге айналып тұр. Ол туралы қазір баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде көп айтылып, жазылуда. Бұл іске Мәжіліс депутаттары да (Ермұрат Бапи, Қазыбек Иса, Аманжол Әлтаев, сенатор Нөртөре Жүсіп) кірісіп кетті. Осы елдің азаматы ретінде мен де өз ой-пікірімді айта кетсем деп едім.



Иә, дінімізде бірізділік жоқ. Әр ағымды ұстанған дін жетекшілері халықты бөлшектеп жатыр. Жас буын мәселенің түп-төркініне бойлай бермейтіндіктен, уағыз айтушыларға сеніп, содан адасып, шатасуда. Елімізде дін жағынан бірінен-бірі алшақтаған топтар саны артуда.

Асығыс қабылданған заң

Көп дініділіктің орға жығатыны, мемлекетіміздің іргесін шайқалтатыны айдан анық. Бәрі де 1992 жылы қабылданған «Діни сенім мен діни бостандықтар туралы» заңнан басталды. Асығыс едел-жедел қабылданып, іске қосылған заңнан кейін елімізге миссионерлер мен діни секталар қаптап кіріп, ел ішін алатайдай бүлдірді. Оларға шектеу қойылмады, енді, міне отыз жыл өткен соң жемісін жеп отырмыз. Мен ол кезде қызметте едім, сондықтан бәрі көз алдымда өтті. Жоғарыдағы заңның кесірінен бұдан 10-15 жыл бұрын елімізде 170 православие шіркеуі, 30-дан астам католик ғибадатханасы, 1000-нан аса протестанттық шіркеу, 19 синагога, 1 буддистердің ғибадатханасы ашылды. Бүгінде олардың саны қанша екенін білмедім. Ислам діні де тармақ-тармаққа, жік-жікке бөлініп кетті. Жөні өзіміздің ата-бабамыз ғасырлар бойы, сонау Алтын Орда заманынан бері ұстанған «Ханафи мәсхабы» үрдісін басшылыққа алып, оны берік ұстансақ, мұсылманның бес парызын (Аллаға құлшылық ету, намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау, қажылық қылу) орындасақ дұрыс болар еді. Бірақ әттегенайы, бөтен, қазаққа жат ағымды ұстанғандар саны көбейіп барады. Осы жағымсыз жай алаңдатады. «Дін ұстай білсең қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» деп бекер айтылмаса керек. Арнайы білімсіз дін әлеміне тереңдей беру қауіпті екенін қазіргі ахуал көрсетіп отыр. Мысалы, бүгінде хиджаб мәселесі ушығып тұр. Дамыған елдерде, зайырлы мемлекеттің талабы бойынша мектепке хиджабпен тұмшаланып келген баланы кіргізбейді. Бізде де Ата-заңымыз бойынша дін мемлекеттік істерге араластырылмайды, ол бөлек дүние болып табылады. Ендеше, бізде де осы қағида басшылыққа алынуы тиіс. Қазақтың менталитеті, болмысы, мінез-құлқы басқа ұлттардан мүлдем бөлек екенін ескерген жөн.

Сұлу әйел жеті қазынаның бірі

Халқымыз өзі сұлу, өзі ақылды әйелді жеті қазынаның бірі деп таныған. Соған орай, «Мен ұстадым қалқаның білегінен, ғашық оты кетпейді жүрегімнен» деп ғашық болған ақын-жазушыларымыз ғасырлар бойы аруларымыздың ақылы мен көркін шығармаларына арқау етіп келеді. Қазақ эпостарында әйел затының сұлулығын небір керемет теңеулермен әспеттейді: «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Тал бойында міні жоқ қолаң шашты, шашының ұзындығы тізін басты», «Қыздар сұлу көрінер, айдай сұлу жүзімен, қылықсыған назымен», «Толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлықсып, бұрала басып барады, неше алуан қылықсып», «Кермаралдай керілген кербез келіншектің әсем жүрісі, сыңғырлаған күлкісі, сылдырлаған шолпысы» деп кете береді. Менің түсінбейтінім, неге сұлулықты, әдемілікті, әсемдікті тұмшалап жабуымыз керек. Өркениетті қоғамға бет бұрған ел мұндай сорақы қылыққа бармайды. Әлемді сұлулық қана құтқаратынын ұмытпайық. Сұлулық бар жерде тазалық, адалдық бар. Ғашықтарының жүрегін жаулау үшін ер азаматтар небір ерліктерге барған. «Ақ дидарын көргенде тұра алмаймын, сенсіз жерде салтанат құра алмаймын» деген қазақтың баласымыз ғой, сондықтан неге біз алыстағы араб ұлтына еліктеуіміз керек? Олардың өздері айтады екен: «Неге, сендер қазақтар біздің ұлттық киімдерімізді киесіңдер, өздеріңдікі жоқ па?»,- деп. Лироэпостарымызда жаңа түскен келіншектер бастарына меруерт маржаннан зерлеген қызыл барқыт сәукеле, үстеріне оқалы қызыл камзол, төгілдіре тігілген ақ жібек қос етек көйлек, аяқтарына көк нәлімен оюлатқан, күміспен әшекейлеген қызыл мәсі кигені, күміс шолпы тағылған білеудей етіп өрілген ұзын шаштары төгіліп, жерге түсіп жатқаны, мойындарына асыл тасты алқа, саусақтарына алтын жүзік таққандары әсем суреттеледі. Көздің жауын алатын ұлттық киімдеріміздің алуан түрі жетіп артылады. Сүйте тұра өзге жұрттың қаңсығын өзімізге таңсық қыламыз. Өкінішті, әрине. Шын мәнінде «Құран кәрім» кітабында еркектер де, әйелдер де ұятты жерлерін жауып жүрулері керек деп ескертіледі. Ал адамның бет жүзі оның мақтанышы, қуанышы емес пе? Кітапта арабтардың өткен замандарда қыздарын жерге тірідей көмгені жайлы да айтылады. Осыны естен шығармайық.

Ұлт тамырына балта шабу

Бүгінде діни теріс ағымдардың жетегінде кеткен, балақтарын шолтитып, сақалдарын өсірген сойқандар: «Домбыра», «Бет ашар», «Сәлем салу» т.б. харам деп, ұлттық тұнығымызды шайқауда, ұрпақты ата жолымыздан тайдыруға, ұлттық құндылықтарымыздың, салт-дәстүрлеріміздің тамырына балта шабуға көшті. Түпкі мақсаттары қазақты ұлт ретінде жоюға бағытталғандықтан қолға қалам алдым. Сириядағы соғысқа барып қаншама отбасының шаңырағы шайқалды. Сол шақта, құдай оңдап мемлекет тарапынан «Жусан» операциясы жүргізіліп, біршама әйел, бала-шаға елге қайтарылды. Алматыдағы, Ақтөбедегі атыстар да естен кетер емес. Осындай келеңсіз оқиғаларға қарамастан еліміз тұрақты түрде «Әлемдік және дәстүрлі діндер» форумын өткізіп келеді. Өз ішіміздегі діни ахуалды реттей алмай отырып, мұндай қадамға баруға не жорық? «Өзі диуана, басқаға қайтып пір болмақ?» демеске амал жоқ. Мүмкін сыртқы саясаттың беделін көтеру мақсатында өткізілетін шығар. Сондай-ақ, былтырғы жылы ғой деймін, ел ордасы Астанада ғаламат зәулім мешіт салынды. Онда бір уақытта 235 мың адам намазға жығылып, Аллаға құлшылық етеді екен. Көлемі 40 гектар, күмбезінің биіктігі 83,2 метр, диаметрі 62 метр, 4 мұнарасының әрқайсысы 130 метрден. Еденге төселген кілемнің көлемі 15525 шаршы метр. Осыншалықты орасан зор көлемдегі нысанды салу не үшін қажет болды? Біз ислам мемлекеті емеспіз ғой, халықтың бәрі мұсылман дінін ұстанатын? Қаржы артылып жатса неге мектеп ғимараттары бой көтермейді? Елімізде қаншама бала үш ауысымда сығылысып, қыстырылысып оқып жатыр. Оны қалай көрмейміз? Ендігі, бұл кешеннің қалыпты жағдайда жұмыс істеуі және коммуналдық төлемдерін төлеу үшін қаншама ақша керек десеңізші? Ол қайдан алынады? Біз осы халықтың әлеуметтік жағдайын көтермей тұрып, неге әлемдік форумдар, саммиттер, ЭКСПО, бүкіләлемдік студенттер және Азия ойындары т.б. өткізуге құмармыз? Қалай айтсақ та еліміз даңғаза ұран мен дарақылықтан әлемде алдына жан салмайтын дәрежеге жетті.

Ұлттық идея

Осы ретте, бүгінгі қазақ оқығандарының көрнекті өкілдері Ермек Тұрсынов, Жанұзақ Әкім, Омар Жәлел, Елдос Тоқтарбай айтады: «Біз ел боламыз десек, 1-ші кезекте, заң үстемдігіне басымдық беруіміз керек. 2-ші кезекте, білім мен ғылымға ұмтылуымыз қажет, содан кейін барып салт-дәстүр мен дін», - дейді. Ол үшін, әрине, мемлекеттік идеология жұмыс істеуі керек. Совет Одағы кезінде осы саланың тізгінін ұстаған екі адам бөле-жара аталады. Олар 1936 жылы Мәскеуде Қазақ ССР мәдениет күндерін өткізуде айырықша көзге түскен Темірбек Жүргенов және 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында Республикамыздың мәдениет министрі болған Ілияс Омаров. Ал Тәуелсіздік алған жылдары идеология тізгінін ұстаған ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің есімі де ел аузында жүрді. Бірақ ол кісіні 90 жылдардың ортасында-ақ 60-қа толдың деп зейнетке шығарып жіберді, көп ұзамай Өзекең дүниеден өтті. Әттең, берері көп тұлға еді. Олардан кейін бірде-бір шенеунік жоғары деңгейден көріне алмады. Соңғы жылдары идеологияға жауапты Президент аппаратында қызмет еткен Аслан Мусин, Бағлан Майлыбаев, Қырымбек Көшербаев, Дархан Калетаев, Марат Тажин, Дәурен Абаев, Ерлан Қариндерді көпшілік қауым біле де бермейді. Өз басым, осы сұрғылт топтың ішінен қазақ тарихын заман талабына сай жаңғыртуды көтерген М.Тажинді ерекше атар едім, бірақ оны орта жолда елші қылып, шет асырып жіберді. Кезінде «Сакралды Қазақстан» идеясымен білікті идеолог ретінде халық назарына іліккен Берік Әбдіғали да қызметінен шеттетіліп, бірер жылдардан кейін ғана Ұлытау облысына әкім болып жіберілді. Жалпы, қоғам болып ұстанатын ортақ идея болмай, ұлтымыздың өткені мен болашағы жалғанбайды. Ғалым, қоғам қайраткері Жанұзақ Әкім: «Ұлттық идея дегеніміз - халықтың ғасырлық мұратын айқындайтын, келешек ұрпаққа жол көрсететін рухани философия. Халықты негізінде бір тілге, бір дінге үйрету арқылы бір сананы қалыптастырамыз. Бұл ұлтты имандылыққа ұйытады» дейді. Осыдан 2500 жыл бұрын өмір сүрген Дарий патша да: «Баянды мемлекет болу үшін халықтың бір тілді, бір дінді болуын қамтамасыз ету керек» деген ой айтыпты.

Теріс ағымдар шектелсін

2000 жылдардың басында «Қазақстан» телеарнасында ұлт жанашыры, қаламгер Ғалым Доскен мен жазушы, әрі сазгер Тұрсынжан Шапайдың жетекшіліктерімен небір ұлттық нақышқа толы, әрлі де нәрлі хабарлар көрсетілді. Соның ішінде Қасым Аманжолдың «Шынның жүзі», Сәуле Әбединованың «Ақжүніс», Жұмабай Шаштайұлының «Үзеңгі жолдас» және техника ғылымдарының докторы Саят Ибраевтың бағдарламалары халықтың айрықша ықыласына бөленді. Осыған орай айта кетерім, жуырда депутат Е.Бапи арнайы мәлімдеме жасап, «2002-2004 жылдары бұрынғы президент Н.Назарбаев қолындағы билігін ұстап тұруы үшін «патшаға қарсы шығуға болмайды» деген ұстанымдағы радикалды уаххабилік бағытындағы діншілдерді елге тартты» дегенді айтты. Қазір ойласам, содан екен ғой, сол жылдары Ғ. Доскен мен Т. Шапай сопылар деп айыпталып, қызметтерінен босатылғандары. Ал олардың басшылығымен әзірленген рухани дүниелер жабылып, экраннан аластатылды. Аса талантты Саят болса ұзақ мерзімге түрмеге тоғытылды. Міне, осындай да шектен шығу болған еді.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға діни теріс ағымдар мен қоғамдық орындарда діни киімдер киюге шектеу қою туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе екен деймін. Бірақ бұл қадамдар Қазақстан Республикасы Конституциясының діни сенімдер мен нанымдар бостандығы туралы баптарға қайшы, сонда қайтпек керек? Қалай болғанда да бір жолын табуға болатын шығар. Енді, оны биліктегі лауазым иелері, Мәжіліс депутаттары, заңгерлер, дінтанушылар, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың және діни басқарма өкілдерінің еншісіне қалдырайық. Өзіміз болсақ, «Құран кәрім» кітабы мен інжу-маржанға толы Құран хадистерін оқып, діни сауаттылығымызды арттыра берейік. Заңғар жазушы Мұхтар Мағауиннің: «Қазақ қазақтығын сақтағанда ғана мұратына жетеді», - деген тәмсіліне сай өз тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді дамыта берейік.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ
ҮШТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ҚИСЫҚ ДҮНИЕ



Бір күні ұйқысынан оянып, көзін ашқанда айналасы біртүрлі өзгеше көрінді. Әлгі «Қисық айналар корольдігі» деген ертегідегідей бөлмедегі заттар бір жағына қарай қисайып, майысып, бұралып, қысылып қалған. Үш аттап айнаға жетті. Көзінің біреуі жоғары, біреуі төменде, құстың тұмсығы тәріздес мұрнының имек басы үп-үшкір болып, басының формасы да басқаша… терезеден сыртқа көз салған, Астананың бір-бірімен бой таластырған зәулім үйлері де бір жағына қарай қисайып, ағаштар жантая жаздап, мәшинелер болса капоттары сорайып, дөңгелегі қисайған күйі бұратылған жол үстінде заулап барады. Өзі о бастан мінезі жаймашуақ адам емес еді, мынадан кейін бет-аузы одан әрмен салбырап, екі қасының ортасындағы әжімі тереңдей берді. Қаншама операциядан өтіп, қанша рет емдеп, ілекерлеп, пайдаға асырып жүрген жалғыз көзі де дүниені қисық көрсе не болады? Қисайған дүние тым сұрықсыз екен. Жо-о-оқ, бұрынғы уайымы мынаның қасында түк болмай қалды, өйткені миына немесе психикасына зақым келген адамдардың өмірді басқаша көретінін, мысалы, оң жақ қарақұстан төмен жері зақым алған кей адамның басқа адамды бет-әлпетсіз көретінін ол білетін, ал бұл зақым алмай-ақ, есі ауыспай-ақ қисайған дүниеге тап болып отыр емес пе? «Е-е, байғұс жанарым, осымен ақыры қуаты бітіп, майы таусылған екен, енді жалп етіп сөнуі қалды» дегенді ойлағаны сол еді, ішінде бірдеңе гүрілдеп қоя берді. Адамның ішіндегі қапасын қозғағандай болып ыңылдап, боздап, гүрілдеген бұл дыбысты неге теңесе екен…

Тек көлігі барларға ыңғайланып салынған, жаяу жүргіншіні тротуарға жарытпаған Астана көшесінің жылдағыдай о жер, бұ жері қазылып, айра-жайра болып жататын жолсызымен келе жатып, «әлдеқашан таң атып кетсе де көше шамдары сөнбепті, кімнің ақшасын аясын?» деп ойлаған күйі дүкендердің ағылшынша жазулары ерсі бақырайған маңдайшаларына, кеңселердің кір-кір терезелеріне көз салып өтеді. Жолында кездескен адамдардың қисайған бет-жүзі салқын, осы көргендерінің ішінде қисаймаған бір түзу нәрсе көрсе қуанар еді.

Автобустың маңдайдағы тағдыр жазуы секілденген нөмірін ажырата алмай шатысып, лағып басқа жақтан түсіп, күнделікті жолынан талтүсте адасып жүріп жұмысқа келді. Бірақ күнделікті тірлігіне кіріссе болды бәрі оңалып кететіндей болған соқыр үміті ақталмады. Мониторға үңіліп оқиын десе сөйлемдер бірінің үстіне бірі мінгесіп қалған, жазайын десе әріптер бір жаққа құлап… «бүйтіп сүрген өмірі құрысын!» – деп дәрігерге жүгірді. Кезегі келгенше тура бір онкологтың алдында отырғандай мазасы кеткені-ай, «не дер екен, көзі бұрынғыша көретін бола ма, әлде мына дүние осы қысылған, қисайған қалпында қала ма? Иә ма, жоқ па»?

Бақытына орай сирек болса да мұндай жағдай кездесіп тұрады екен. «Көздің астында бір тамыр пайда болған, ол көзге артық күш түскеннен. Сол қысым беріп, көздің көру фокусын өзгертіп тұр, құны әжептәуір қымбат дәрі саламыз, бұл кішігірім операция, бірақ дәріні шетелден алдырғанша күтесіз, өзіміз хабарлағанша жүре тұрыңыз». Көздің алмасына кірш еткізіп, ине салатынын елестеткеннің өзіне үстінен жабайы кірпі домалап өткендей болса да, дәрігердің «көруің қалпына келеді» дегені – көңілін бірлегендей. Осылай бір күн өтті. Екі күн, үш күн… «Үш күннен соң көрге де үйренеді» дегенді соған түсіп көрген адам айтқан шығар, қисық дүниені көре-көре үйренейін деді. Ақылдан келетін шешім сол – егер тап қазір ештеңе өзгерте алмасаң, онда барына ырза бол дейді.

Жалғыз көз болса да, қисайтып көрсетсе де, әйтеуір көріп тұр ғой деп алға қарай емпеңдейді, бара-бара қисайған нәрсеге көбірек қараса, оның ар жағында тағы бір сыры ашыларын байқады. Бұл өзі әр нәрсенің мәніне бойлайтын ойдың адамы болмаса да, осы күндері ішінен әлдебір гипнотикалық толқындар жүріп өткендей болып, өмірді басқаша тани түсті. Сыртынан қарапайым ғана үй секілді көрінетін кей адамның іші соншама көз тартарлық сәнді, жылы да жайлы екенін көргенде қуанды. Өзі сыйлайтын адамдарының көп мінезі көлгір, көп сөзі құр алдаусырату мен көңілге қарау екенін түсініп, жаны жатырқамайтын кей жанның бұл ойлағандай шынайы еместігіне көзі жете түсті. Осы бес күнде мұның көңіл төріндегі көп адамның орыны босап қалды. Кейбір телефон қоңырауына жауап бермеді, сол кезде бұған шынымен алаңдайтын адамдардың электромагниттерінің күшін сезінді. Кейбір естеліктерді қажетсіз қоқыс деп шешкендіктен кей адаммен іштей есеп айырысты, кейбіреуін кешірді, «егер о баста ол адамның шынайы бағасын білмесең, онда өзің одан ештеңе күтпе» деді ішкі ойы, кей адамның алдындағы жуып кетіре алмастай кінәсін түсінді. Кейде бұның сөзіне құлақ қойып, тіпті ықылас танытып тыңдағандардың жай әшейін ғана бұның пікірі маңызды сияқты түр жасап отыратынын көрді. Кейде балалары да мұның сөзін амалсыз тыңдап отырды (бұның өмір тәжірибесі оларға түкке пайдаға аспайтынын бұрын қалай ойламаған: сәби алғаш жүре бастағанда сүрініп, қабынып, басын есікке соғып жүріп қаз басуды үйренеді, адам да сол, сүрініп, қателесіп жүріп өз қатесінен сабақ алып жүріп, бағытын табады, сенің өткенің, сенің тәжірибең тек сенікі ғана). Суретке күліп түсетіндердің іші толған мұң, біреу жылы сөз айтса, жылап жіберуге дайын екендерін көрді. Өзін әлсіз санап жүргендер керісінше, кеудеден итерген өкпек желге қарамайтын қайсар болып шықты. Көңілге қараймын деп кей адамның деңгейіне түсіп көріп еді, өзіне жыны келді. Бәлкім, бұның шын бағасы да сол шығар, бір адамның екінші бір адамның маңынан табылуы кездейсоқтық емес дейді, өмірдің есебі қарапайым.

Айналасы 2-3 күнде дүниенің осынша өзгеріп, ажарынан айырылғанын уайымдап жүріп, түрі әбіржіп кеткенін айнадан әрең байқады. Шашын ретке келтіріп, көңілін көтерейін деп сұлулық салонына бұрылды. Шаштараз

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

бұның шашын әрі-бері ұстап көріп, бір шашқа қатысты соншама қызмет түрін шұбыртты.

– Шашыңыз аздап бұйралау екен, біздің салонда шаштың бұйрасын кетіру үшін кератинді түзеуді қолданамыз, қажет десеңіз тонировка жасаймыз, мысалы, сіз тритмен дегенді естуіңіз бар ма?

Оны қайдан білсін, тіпті шашқа да ботокс жасайтынын осы жерден естіп-біліп отыр емес пе… Осы жерде қалай екенін, ақшасын төлеп сатып алған шаш бояуының бұның көзін ала бере арзан бояумен ауыстырылғанын біле қойды. Қисық көзі шалып қалды. Бұл жерде баяғыда сатып алынған, қолдану мерзімі өтіп кеткен бояулар қолданылып жатқанын дүниені қисық көретін көзінің көріп қойғанына өзі таңғалған.

– Сіздің салоныңыздың сертификаты бар ма?

– Бар, әрине!

Қыздар рамкаға салған қағазды алдына тосады.

Бұл жаңа ғана қолданған бояуды суретке түсіріп, соның сертификатын сұраған. Анау аң-таң.

– Кәдімгі, осы заттың аты, қолдану мерзімі, сериясы, партия нөмірі… Енді мен қораптағы сандар мен сертификаттағы сандарды салыстыруым керек қой.

Қыздың көзі шарасынан шықты.

Базарға соғып, өзі үнемі жеміс-жидек сатып алатын саудагерге жақындады.

– Халіңіз қалай? – деп жылы жымиды, танысы бұны көріп.

Бұның алдында кезекте мұсылманша киінген егде әйел тұрған еді.

– Маған үш келі қызанақ, – деді егде әйел.

– Сізге осы сорт ұнайтынын білем, бірақ ол қызанақты алмай-ақ қойыңыз, дәмді емес.

Мұны естігенде егде әйел өзіне жанашырлық танытқан саудагерге риза болғаны сондай, қымбат болса да тек осы саудагердің тауарын алғысы келетіні көзінен көрініп тұрды. Бұл жерде оны біледі, жақсы көреді, ненің жақсы екенін айтады деп ойлап тұрғанда ,саудагер оның пакетіне езілген 2-3 қызанақты қоса салып, өлшеп жатты. Адамдар кейде саудагердің жымия қарағаны үшін де бүлінген-бұзылғаны араласып жүретін жеміс-жидекті де ақшасын төлеп, риза болып сатып ала береді.

– Шабдалының бағасы қанша? – деп сұрады бала көтерген жүдеу келіншек.

– Мына сорт жаман емес, мына шабдалы да тәтті, ең жақсысы мыналар, бірақ ол сізге қымбат болады.

«Менің ақшамның барына күмәнданатындай бұл кім еді?» деп намыстанып қалған балалы келіншек сатушыға өзінің қымбат затты сатып алатын шамасы барын дәлелдеп, шабдалының ең қымбатын сатып алды. Ол сөйтіп, өзінің осынау кішігірім жеңісіне кәдімгідей қанағаттанып тұрды. Ал екі қадам жерде дәл осы шабдалы бес жүз теңгеге арзан сатылып жатты. Адамдар қызық.

Бұның кезегі келді.

– Картоп аламын. Бірақ мына қалың картон неғып тұр? – деді бұл таразының үстіне қойған қатты картон қағазды иегімен нұсқап.

– Ааа, ол картон тазалық үшін ғой. Әйтпесе лас болып қала береді, жемістер шаң, көріп тұрсыз ғой.

Сатушы осы картон арқылы да 5-10 пайыз ұтып тұрған еді. Бұл аузын аша берді де тұрып қалды (дөрекі болмаса да, артық бірдеңе айта салуы әбден мүмкін еді), саудагер әйелдің арғы жағында бес-алты жасар баланың ағаш жәшік үстінде қалғып отырғанын көрді, киімі тым қарапайым, бұл картобын алды да өте берді…

Ет сататын бөлімге кіргенде, етке салмақ тартуы үшін ылғалды бойында ұстап қалатын химиялық агенттер егіп қойғанын байқады. Кепкен жемістерді де тәтті суға малып алыпты. Қисық көздің арқасы! Бұрын ондайды байқамайтын. Ол енді көзі үшін уайымының аздап болса да жеңілдегенін сезді, кез келген сәтсіздіктен шығу үшін оның пайдалы жағын көре білу керек.

Кітапханада керемет жиын болады дегесін барып еді, салтанаты асқан үлкен залда өздерін ақылды, білімді санайтын жұртты (бұның өзі де ештеңені тиянақтап білмесе де өзін ақылды санайтындардың бірі еді) иіріп отырғызып қойып, екі адам бір-бірін өлгенше мақтап жатыр екен. Бұл екеуі бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, былайғы уақытта бір-біріне қарсы пікір айтып жүретін адамдар еді, біріншісі – ақын, бір жерге барса исламды мадақ еткен өлеңін оқиды, екінші жерде тәңіршілдер туралы өлеңімен шағын топты ризалайды. Бір қалтасында «Қаңтар, сен оқиға боп есте қалдың!» деген өлеңі, екінші қалтасында «Жаңа Қазақстан» туралы көтеріңкі пафостағы өлеңі әзір. Екінші адам – ескі Қазақстанның ғұламасы, бір кездері «мектептерде «Елбасытану» сабағын енгізу керек» деп бастама көтерген профессор. Біріншісі өмірдің ақ жағын да, қара жағын да бірдей қабылдап, көңіл-күйіне қарай кейде әділдікке болысып, кейде әділетсіздіктің де шашбауын көтере салуға қиналмайтын адам, екіншісі өзіне түсер пайданы күнілгері болжап, екі жеп биге шығатын сәтін жон арқасымен сезетін, пайда десе аузын арандай ашып қашып қалуға әуес. Бүгін бұл екеуі бір мақсатқа жұмылып, бір партияны мақтап, жиналған топтың алдында айрықша спектакль қойып жатты. Осынау зебра мен қолтырауын секілді екі адамды бір-біріне мақтатып қойған шебер Құдай деп ойлаған күйі шығып кетті.

Аялдамаға келсе, ашық қызыл түсті қысқа көйлек киген қыз тұр екен, аяғына сәнді аяқ киім киіпті, онысының шудаланған жібі бар, айқұш-ұйқыш байлап тастаған таспа баулары тоқ балдырды одан әрі әсем көрсетеді. Білегіне толтырып нешетүрлі жіңішке білезік салыпты. Қыздың түрі де жаңа ғана біреу құлағына күшті бірдеңе айтып, соны ешкімге айтпа деп, ол сол құпиясын жасырғандай сүйкімді-ақ…. Оның әдемілігі де өзі үшін жаңалық болып жақында ашылған сияқты ма, телефонының камерасын ашып, кірпігі қайырылып, өзіне-өзі таңғалған, сүйсінген түрмен аузын шүртитіп, ернін дүрдитіп, өзін-өзі шырт-шырт еткізіп суретке түсіреді. Бір кезде оның беті өзгере бастады. Бұның дүниені қисық көрсететін көзі алжыды ма, әлде басқа бірдеңе болды ма, қыз дегені… жасы елудегі әйел екен. Қабағын тартып көтерген, ернін үлкейткен, қасы татуаж, кірпігі бұзаудан сұрап алғандай. Жаңағы қыз қайда кетті сонда? Бұның күрсініп қалғанын бәрі естіді. Шынымен де… осы бар ғой кеше ғана фейсбукте жариялаған постың мен әйелден тез көнергіш нәрсе жоқ.

Автобус келді. Қашан көрсең де мың сан бактерия мен микробты өзімен бірге тасып жүрген адамдарға толы 53-автобусқа отырғысы келмеген. Ауасы қапырық, солярка иісіне бөгіп тұратын маршруттағы әлденеге ашулы жұрт әдеттегідей бір-бірін арқасындағы рюкзактарымен түйгіштеп, қоларба тұратын жерді босатпай, не шығатынға, не кіретінге жол бермей, сасық демін бір-бірінің бетіне үрлеп, бір-бірін итеріп, айқайласып жатты.

«Сіз бірінші итеріп жібердіңіз, өйтіп айқайламаңыз маған, қарашы, қандай наглый, сіз бірінші бастадыңыз, жоқ, сіз…» десіп шапылдасқан адамдар шын мәнінде бір-біріне емес, өз өмірлеріне ызалы еді. Адам бір-бірін сөзбен жәбірлесе ол тек басқа жұртпен қатынасы емес, бейсаналы түрде өзімен іштей жүргізетін диалогы. Іштері толған, өкпелері ернеуінен асқан адамдар бір-бірін сылтау қылып, іштерін босатып алып жатты. Басқа жұрттың тілінде ұрсысып жатқандарға орта тұста отырған қартаң еркек:

– Неге қазақша сөйлемейсіңдер, ей! Қанша айтамыз? – деп кейіп қояды.

Ұстамсыздары жұлқыласып та қалып жатты. Кейде адамның бәрі бірдей дамып кетпегені осындай тар жерде көрінетіні қызық. Біреуі киіп-жарып өтіп, бұны түйіп, аяғын басып, кешірім де сұрамастан, бір кезде аузындағы сағызын жерге түкіріп тастады. Оған бірдеңе деуге зауқы болмады, тап қазір ешкіммен ренжіскісі де, татуласқысы да келмеді. Оның үстіне адамның әртүрлі болуға, кейде тіпті мүлдем басқа болуға да қақысы бар, орташа адам деңгейіне дейін де жетіле алмағандардан үлкен нәрсе күту қисынсыз.

Көзге салатын қымбат дәрі үшін ақша керек. Банкке келді. Туған бойда бірден тілі шығып сөйлеп кеткен сияқты көрінетін тілі майда жігіт әуелі «несие береміз» деп қуантып алды. Сосын өздерінің тілінде «қаржылық қорғаныс» деп атайтын сақтандыруды ұсынды. Менеджер келісімшартты алып қайта келген кезде бұл өзі манағы соманың көбейіп кеткенін көрді. Оған және сақтандырудың ақшасын қосыпты. Бұның айдың-күннің аманында дүниені қисық көре бастаған жанары келісімшарттағы ұсақ әріптерді ажырата алмай қиналып, әрең дегенде оқып көрсе, шотты ашып-жабуға, жүргізуге, ақпараттық есептеу қызметіне көп ақша ұстап қалады екен.

– Сіз маған мынадай комиссия мен қызмет ақысы туралы айтқан жоқсыз, – деді келісімшартты қайтарып жатып. Бұрын қанша несие алса да келісімшартты ынта-шынтасымен оқымайтын, жыпырлаған әріптерді оқуға зауқы болмайтын, тап бүгін өзіне не болғанын түсінбеді.

– Олай болса сізге несие берілмейді, және бұдан былай сізге банктің есігі жабық! – деді банк қызметкері. «Басына тартам деп, аяғы жаурайтын байғұс халық банктен азғантай сома аламын деп кіріп, сол қарызын бес есе қайырып жүріп, ақыры банк тұтқынына айналады екен-ау» деген ойдан көзі тұманытты. Сол түні менеджерге, әлде соған жалындырып қойған тағдырына ызаланғаннан тісін қатты шықырлатып қойды ма, әлде жүйкелегеннен бе, тісі сырқырап ауырып шықты. Мазасын ала бергесін ертеңінде стоматологке келді. «Сіздің тісіңіздің былтыр салған пломбасын тез арада ауыстыру керек, бізде мынадай қызмет түрі бар, мынадай және мынадай… Бір тісті емдеу негізі 45 мың, сізге жеңілдікпен болады, оған тісті ағарту, иекке қан жіберу қызметін қосыңыз». Тоқтамай сөйлеген стоматологтың бет-жүзінен «клиентті қалайда жібермеу керек» деген ниеті көрініп тұрды. Ол тіс емдеу ақысын қайта есептеген сайын үстіне басқа қызмет түрлері қосылып, құны да сәт арасында қымбаттап бара жатты.

Нан алу үшін дүкенге кіріп еді, нан бүгінгі емес екен. Тіпті кешегі де емес. Дүкен иесі көтерме бағамен бір-ақ сатып алғандықтан бес күннен бері тұрған нан еді. Дүниені қисық-қисық күйінде көріп-қабылдайтын көзінің көргені – бұл нанды сапасы нашар ұнды ағартып, жүгері мен бұршақ ұнын қосып пісіріпті. Ашытқының орнына химиялық қоспа, майдың орнына маргарин, жұмыртқа орнына оның ұнтағын қосқан. Сатушыға ештеңе демеді. Онсыз да бүгінгі көргендерінен шаршап тұр еді.

Жүріп келеді. Үйлер бір жағына қарай қисайып, ағаштар жантая жаздап, мәшинелердің капоттары сорайып, дөңгелегі қисайған күйі заулап барады. Осымен бір аптадан асты, ал дүние баяғыша қисайған күйі. Осы күндердегі көңіл күйінен мінезінің де өзгере бастағанын байқайды. Бұ дүние қисайған күйінен қашан түзелер екен? Осы мағынасыздық ішінде жарылардай болып, осы қисық дүниеден зерікті. Бір кезде телефонына қоңырау түсті. «Сізге қажетті дәрі келді, ертең сізді көз дәрігері күтеді» деген хабарлама екен. Уфф… Ол жанына бір қуаныш кіріп келгендей болып жеңіл тыныстады. Тіпті Тұран көшесі бойынан шығатын канализацияның исі де сезілмеді.

Жадыра ШАМҰРАТОВА
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

VI МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

В Алматы прошла VI Международная научно-практическая конференция докторантов, магистрантов, резидентов и молодых врачей «Молодой исследователь: вызовы и перспективы развития современной педиатрии и детской хирургии», передает пресс-служба Научного центра педиатрии и детской хирургии.



В мероприятии, организованном Научным центром педиатрии и детской хирургии и Союзом педиатров, приняли участие более 300 молодых врачей, где молодые ученые обсудили основные проблемы современной педиатрии и детской хирургии. Конференция прошла в гибридном режиме (offline площадка, online платформа мероприятий).

Конференция проводится ежегодно уже на протяжении шести лет и стала традицией для Научного центра педиатрии и детской хирургии. Основная цель конференции - дать возможность молодым докторам поделиться своим опытом работы и своими результатами первых научных исследований, обсуждение актуальных вопросов детской хирургии и педиатрии, формирование навыков и повышение интереса у молодых специалистов к научной деятельности, налаживание тесного международного и Евразийского взаимодействия молодых ученых по инновациям в области педиатрии и детской хирургии.

С приветственным словом выступили заместитель директора Департамента охраны здоровья матери и ребенка МЗ РК, кандидат медицинских наук АйгеримОспа-





онального медицинского университета имени С.Ж.Асфендиярова, кандидат медицинских наук Светлана Султангазиева. Они отметили важность мероприятия и пожелали молодым ученым новых идей, достижений в научной деятельности.

Проректор Казахского национального медицинского университета имени С.Ж.Асфендиярова Светлана Султангазиева отметила, что современное развитие медицинской науки и практики невозможно без научного потенциала молодых ученых.

«Государство всегда уделяло огромное внимание на здоровье матерей и детей, образование и вовлеченность в науку молодых кадров. Современная молодежь, молодые кадры должны развивать новые технологии, должны уметь управлять искусственным интеллектом. Поэтому данная конференция весьма своевременна. Организатор данной конференции Научный центр педиатрии и детской хирургии – это центр с 90-летней историей. Здесь ежегодно более 6000 детей получают диагностику и лечение по современным технологиям, проводятся самые сложные передовые операции. В этом научном центре сформированы и активно функционируют такие научные и клинические школы, как школа детской онкогематологии, детской хирургии, детской урологии и другие. Во главе этих школ стоят высококвалифицированные врачи, наши корифеи. Уважаемые молодые ученые, Вы должны продолжить эти начинания, укрепить работу по данным направлениям. Здоровье детей нашей страны, нашего будущего – в Ваших руках!», сказала Светлана Сұлтангазиева.

«В настоящее время в науке Казахстана в целом, и в частности медицинской науке, идут преобразования. Идет апробация различных инструментов государственной поддержки научных исследований, коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности, трансфера технологий, внедряются различные программы подготовки научных кадров. В перспективе дальнейшего развития науки немаловажное место отводится молодым ученым. Поэтому формирование навыков научной деятельности, опыта участия в научной дискуссии должно начинаться уже со студенческой скамьи. Именно этому запросу отвечает наша ежегодная конференция, которая собирает на своих площадках студентов медицинских ВУЗов, обучающихся в образовательных программах резидентуры, магистрантов, докторантов PhD, а также молодых ученых. Одной из задач этой ежегодной конференции было и остается развитие у резидентов, магистрантов и других молодых врачей интереса к научно-исследовательской деятельности, формирование опыта исследования и презентации его результатов. Надеемся, что наша конференция даст возможность осветить основные вопросы диагностики, лечения и профилактики заболеваний детского возраста», сказала Заместитель председателя Правления по научно-инновационной деятельности НЦПДХ ЛязатМанжуова.



На конференции были обсуждены актуальные вопросы педиатрии, современные возможности и перспективы развития детской хирургии, современные методы лечения и диагностики детских болезней, эпидемиология некоторых детских болезней, научные и практические аспекты развития педиатрии и детской хирургии, внедрение инновационных технологий в здравоохранение детей, врожденные заболевания у детей, проблемы диагностики и хирургического лечения врожденных пороков развития у детей и другие актуальные вопросы, связанные с областью педиатрии и хирургии.

На конференции были заслушаны доклады докторов из разных медицинских организаций Казахстана, научных центров, медицинских ВУЗов, а также доклады спикеров из Беларуси и Узбекистана. Молодые делегаты поделились своим опытом в области педиатрии и детской хирургии.

По итогам конференции выбраны лучшие научные доклады молодых ученых по номинациям «Лучший устный доклад», «Лучшая статья», «Лучший постерный доклад».

Все участники получили сертификаты за участие в конференции, а победители награждены дипломами и специальными призами.

Материалы конференции опубликованы в специальном сборнике.

НАШ КОРР.

СИТУАЦИЯ

ПОЧЕМУ НЕЛЬЗЯ МЕНЯТЬСЯ МЕСТАМИ В САМОЛЕТЕ

В МИРЕ АВИАЦИИ СУЩЕСТВУЕТ МНОЖЕСТВО ПРАВИЛ И НОРМ, КОТОРЫЕ РАЗРАБОТАНЫ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ И КОМФОРТА ПАССАЖИРОВ. ОДНО ИЗ ТАКИХ ПРАВИЛ — ЗАПРЕТ НА СМЕНУ МЕСТ В САМОЛЕТЕ БЕЗ РАЗРЕШЕНИЯ СТЮАРДЕСС. TENGRITRAVEL.KZ РАССКАЗЫВАЕТ, ПОЧЕМУ ЭТО ПРАВИЛО ТАК ВАЖНО И КАКИЕ ФАКТОРЫ СТОЯТ ЗА НИМ.

Авиакомпании вкладывают много усилий в планирование и координацию полетов, чтобы обеспечить безопасность и комфорт всех пассажиров. Случайные перемещения мест могут нарушить этот процесс и привести к нежелательным последствиям.

Люди, садясь в салон самолета, могут чувствовать себя свободно и думать, что они вправе перемещаться по кабине так, как им угодно. Однако есть несколько весомых аргументов, объясняющих, почему смена мест в воздушных судах является запрещенной практикой.

Безопасность полета: Самое главное обоснование этого правила — это обеспечение безопасности всех на борту. Перемещение пассажиров между местами может вызвать беспорядок и создать препятствия для эвакуации в случае чрезвычайной ситуации. Быстрые и организованные эвакуационные процедуры — важный аспект в авиации, и любое дополнительное движение может замедлить этот процесс.

Баланс и распределение веса: Планирование распределения веса на борту самолета — важная часть обеспечения безопасности полета. Перемещение пассажиров может повлиять на баланс самолета и создать дополнительные проблемы во время полета.

Учет медицинских потребностей: Пассажиры, которые выбирают свои места перед полетом, могут учитывать свои медицинские потребности, такие как сиденья вблизи к туалету или с более легким доступом к выходу в случае необходимости. Изменение мест без разрешения может нарушить этот учет.

Соблюдение правил авиакомпании: Каждая авиакомпания имеет свои правила и политику в отношении перемещения пассажиров на борту. Это может включать в себя платные опции для выбора мест, их класс и многое другое. Изменение мест без разрешения может привести к нарушению этих правил.

Планирование обслуживания: Экипаж авиакомпании и бортпроводники имеют определенный план обслуживания пассажиров в ходе полета. Смена мест может нарушить этот порядок и создать конфликты в распределении услуг, таких как еда и напитки.

Сохранение спокойной атмосферы: Самолет — это закрытое пространство, и поддержание спокойной атмосферы на борту имеет важное значение для комфорта всех пассажиров. Перемещение мест может вызвать беспокойство и конфликты среди пассажиров, что негативно отразится на общей атмосфере в самолете.

Соблюдение карантинных мер: В некоторых случаях, особенно в периоды эпидемий и пандемий, авиакомпании могут распределять пассажиров с учетом карантинных мер и правил социальной дистанции. Изменение мест может нарушить эти меры и повысить риск распространения инфекций.

Учет семей и групп: Авиакомпании стремятся удовлетворить потребности семей и групп, размещая их рядом друг с другом. Перемещение мест может нарушить это и создать дополнительные неудобства для пассажиров.

Возможно, правило о запрете меняться местами в самолете может казаться не таким важным, однако оно имеет смысл с точки зрения обеспечения безопасности и комфорта всех пассажиров на борту. Пассажиры должны соблюдать инструкции экипажа и авиакомпании, чтобы полет прошел комфортно для всех.

Бейсенбі - Четверг, 26 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.25 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 21.30 «Сезім толқыны»
13.10«Сезім толқыны»
13.30 «Өмір көркем»
14.30 «Алтын қақпа»
15.25 «Бірегей»
16.20, 05.20 «Ауылдастар»
17.10, 02.55 Т/х «Ағайынды»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Алданған арман»
23.30 «1001 түн»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
07.00 «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.25 Арнайы мини фильм «егемендік декларациясының қабылданғанына 33 жыл»
10.40 Деректі фильм «Құрқұдық»
11.10 Мультсериал
12.00 Концерт «Өмірім-өнерім, өнерім-өрісім!»
14.00 «Айналайн»
15.00 «Келінжан»
16.00, 00.00 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
20.00 Т/х«Тағдырға сен»
21.45 «Рауза. Сакура-жас өркен»
23.00 «Ұйқым келмейді»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-3»
09.50 Т/х «Кекеш келін»
12.00, 00.20 Т/х «Дастан»
14.00, 02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 Сериал «Ангел-хранитель»
18.00 «Бизнес по-казахски в Африке»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді т/х
02.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Правда о деле Гарри Квеберта»
07.00, 04.10 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
12.00, 01.00 «Бизон. Дело манекенщицы»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Горячая точка-2»
02.00 «И все-таки я люблю...»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.10, 03.30 Т/х «Улы тамшылар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00, 02.05 «Было дело»
11.00, 00.00 «Под прикрытием»
12.40, 21.40 «Сердце матери»
15.00 Т/х «Намыс»
18.30, 02.55 Т/х «Өмір-сынақ
20.00, 02.10 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.45«Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Біздің көше»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Архивтегі ақиқат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.45«Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
06.40, 20.00 Информбюро
07.40 «BalaFunny»
08.00, 00.00 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.00 «Qazaq Stand Up»
11.30 «Tik-Tok» шоу
12.00 «Time Vine»
12.30 Комедия «Хотя бы в кино»
14.50 Х/ф «После нашей эры»
17.00 Х/ф «Хроники Нарнии. Лев, колдунья и волшебный шкаф»
21.00 Х/ф «Ангелы Чарли-3»
01.10 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.15 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30, 03.40 «Айна онлайн»
08.00 «Ауыл дәрігері»
09.00, 03.00 Т/х «Қадам»
09.40 «Семейные узы»
10.50, 17.40 Сериал «Доктор Надежда»
11.50, 20.40 Сериал «Последствия»
14.00, 00.20 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.00, 01.20Т /х «Құзғын»
16.00, 02.20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00, 21.40Т /х «Ағайынды»
18.50 «На твоей стороне»
20.00 Сериал «Тетя Марта»
22.20 Сериал «Частная жизнь»
04.00 «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 27 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.55 «Жәдігер»
06.25,10.00,13.00,17.00, 20.00,00.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» тікелей эфир
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20,13.10,21.30 т/х «Сезім толқыны»
13.30 «Өмір көркем» тікелей эфир
14.30 «Алтын қақпа»
15.25,04.15 «Дара»
16.40,03.40 «Дала дәмі»
17.10,02.00 Т/х «Ағайынды»
20.35,03.15 «ASHYQ ALAN» Тікелей эфир
22.30 «Алданған арман»т/х
23.30 «Көңіл толқыны»
00.00,05.15 «PARASAT MAIDANY»
01.10«Ashyqalan»
02.50 «Өмір көркем»
12.40 «Сердце матери» мелодрама(Повтор)
15.00 «Намыс», өзбек т/х. С субтитрами на русском языке
18.30,02.55 «Өмір-Сынақ» т/х
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00,02.45 «Дау дамайсыз»
20.35,03.10 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.40«Двойные ставки»крим. драма
02.00 «Было Дело»
03.30 «Мен сұлумын »
04.30,05.00 Кешкі жаңалықтар (Қайталау)

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00Т/х «Пәленшеевтер-4»
07.00 Тікелей эфир «ОЯН!»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Команда Дино» мультсериал
12.00,20.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00 «АйнаLine»
15.00 «Келінжан»
16.00 Сериал «Следствия любви»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
21.45 «Рауза. Сакура-Жас өркен»
23.00 Мегахит «Остров проклятых»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене» үнді
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
08.50, 21.00 Т/х «Осман-2»
10.15 «Кекеш келін»үнді т/х
12.00,00.20Т/х «Дастан»
14.00,02.10 Т/х «Ессіз махаббат»
15.00 «Эксперимент»
15.15 «Президент пәрмені»
15.30 «Елмен бірге/ Вместе с народом»
16.10 «Многодетный» х/ф
18.00х/ф «Бизнес по казахский в корее»
20.00 «Астана таймс»
22.25 «Лакшми» үнді телехикаясы
02.50 «Қорғансыз ханшайым»х/ф

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Правда о деле Гарри Квеберта» Т/х
07.00,03.25«П@утина»
08.00 «Қайырлытаң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
12.00 «Бизон. Дело манекенщицы» т/с
14.10,02.10 «Новости»
14.20,02.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30,03.10 «Бастыжаңалықтар»
19.00,02.25 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент Online»
20.55 «Поле чудес»
22.10 Сериал «Отпуск по ранению»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаналықтар (Қайталау)
07.30 «Жимаудың жетістігі», Қытай т/х
08.10,03.30«Улы тамшылар» т/х
09.20 Вечерние новости (Повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 «Под прикрытием» детектив (Повтор)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.45«Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
22.45«Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,02.30 «Әзілстудио»
06.30,03.00,04.30Whatsup?
06.40 Информбюро
07.40 «BalaFunny»
08.00, 00.10Т/х «Жапырақтар төгілгенде»
10.00 «Великий человек паук»м/с
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.00 «QazaqStandUp»
11.30 Тикток Шоу
12.10TimeVine
12.20 Х/ф «16 кварталов»
14.40Х/ф «Ангелы Чарли-2»
17.20 Х/ф «Ангелы Чарли-3»
20.00 «Информбюро»
21.00 «28-недель спустя» Х/ф
23.40 «Жапалақтар төгілгенде»
01.20 «31 ӘЗІЛ»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Batlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.15 «Қуырдақ»
07.00т/х «Тақиясыз періште»
07.30,00.30,03.40 «Айна online»
08.00 Сериал «Ауыл дәрігері»
09.00,03.00Т/х «Қадам»
09.40, Т/с «Семейные узы»
10.50, 17.40 Т/с «Доктор надежда»сериал
11.50,18.50 сериал «Твоей стороне»
12.50 «Последствия»
14.00 ,23.30 «Гүл-гүл шоу»
15.00 Т/х «Құзғын»
16.00,02.20Т/х «Ауыл мұғалімі»
17.00 «Жұлдызды шаңырақта»
20.00 сериал«Тетя марта»
20.40 «12 лет рабства» х/ф
01.20 Жайдарман
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 28 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05,05.10 «Жәдігер»
06.30, 20.00,02.35«Ақпарат»
07.05,04.30«Күй-керуен»
07.45,03.40«Шаңырақ»
08.20 «Сүйкімді София»м/х
09.00,02.45 «Теледәрігер» тікелей эфир
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.10«Қазақстан дауысы»
14.20«Дала дәмі»
14.40 « Әйел әлемі»
15.20 Роза Рымбаеваның көңцерті
17.35,04.15 «Отандық BRAND»
20.20,02.35 «АҚОРДА»
20.30 «Қазақыстан дауысы»
22.30 «Алданған арман» т/х
23.30 «Әзіл әлемі»
00.354Т/х «Сезім толқыны»

ХАБАР

05.00 ,01.00 Әнұран
05.00 «Topiargan»
07.00 «Ана қадірі» концерт
08.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
08.30 «Мандай тер»
10.00 Мегахит «Остров проклятых»
12.00 м/ф «Тайная жизнь насекомых»
13.15М/с«Команда Дино»
14.00 «Мәртебелі өнер»
16.00 «Келінжан» т/х
17.45 «Асыл домбра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»ақпарат арнасы
21.40 х/ф «Несносные леди»
23.40,00.00 «Хабар спорт»
00.20 «Өке бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-3» Т/х
10.15 Х/ф «Укрощение строптивого»
12.40 Х/ф «Жажда мести»
16.00 Х/ф «Библиотекарь в поисках копья судьбы»
18.00 х/ф «Аға»
20.00 «Sapar times»апталық сараптамалық
22.25 «Лакшми» т/х
00.00 х/ф «Библиотекарь: в поисках копья судьбы»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той БАЗАР»
07.55, 03.40 «П@утина»
09.00 «Повар на колесах»
10.10 сериал «Отпуск по ранению»
14.30 «Qoslike»жаңа маусым
16.20 «Бейкүнә»
17.15 «Dastarhan»
18.30 «Айна» тікелей эфир
19.00 Премьера! «Х FACTOR»
20.10 Т/с «Артист»
00.10 «Фантастика»
02.10 «Родители года»

КТК

07.05«Жимаудыңжетістігі», Қытай т/х
07.45,02.20 «КТК - Қабатов»
08.30«КТК веб» (Қайталау)
09.00 «Динамен дұрыс»
10.00Вечерние новости
10.40 «Двойные ставки» (повтор)
15.00 «Кел, шырқайық!»
16.10 «Аталар сөзі» Т/х
18.00,03.20,05.00 «Алдараспан»
21.00 «Двойные ставки» драма
01.35 «Было дело» (повтор)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Шыңғыс хан» телехикаясы
11.45«Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 Күліп ал
08.00, 00.40Тикток шоу
08.30, 01.10 Тайм вайн
09.30 Готовим Адель
10.00 «Алдараспан»
11.00«Зита мен Гита»т/х
14.20 «Тайна Коко»
16.40А/ф «История игрушек»
18.00«Хроника нарнии. Принц каспиан»
21.40 «Планета обезьян. Война»
01.30 «Біздің шоу »
03.00 «Whats up?»
03.30 «1001 әзіл»
04.20 « Бала батл»
04.40 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
07.00, 01.10 «Сағындырған әндер-ай» концерт
09.15 «Юморина»
11.30Т/с «Человек без сердца»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40, 00.40 Айна Онлайн
17.10 Әзіл тайм
18.00, 00.10 «Жұлдыз лайф»
18.40 «Гүл, Гүл шоу»
19.40 сериал «Искушение наследством»
03.40 «Жеңіп көр»
04.25 Т/х «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 29 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 05.15«Жәдігер»
06.30 «Ақпарат»
06.50 «Ақорда»
07.00,04.35«Күміс көмей»
07.45,03.55 «Дәуір тұлғалары» д/ф
08.35,03.05 «Ақсауыт»
09.00 «Көңіл толқыны»
09.20 «Сүйкімді София»м/х
10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.00 « Қазақстан дауысы»
14.10 «Сағындырған әндер-ай»
16.35 «Мергендер мекені»
17.25,03.25 «Әйел әлемі»
20.00,02.15 «АРТА» тікелей эфир
20.50 Әбдіжаппар Әлқожа концерт
22.30 Т/х «Алданған арман»
23.30 «Әзіл әлемі»
00.35Т/х «Сезім толқыны»

ХАБАР

05.00 «Топжарған»
07.00«Күзгі әуен» концерт
08.30 «Культурный контекст»
09.00 «Оянған өлке»
10.00 Х/ф «Несносные леди»
12.00 мультфильм «Капитан Саблезуб и Волшебный бриллиант»
13.20 Мультсериал «Команда Дино»
14.00 «Covershow»
16.00 Т/х «Келінжан»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»информационно-аналитическая программа
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15х/ф «БЕССМЕРТНЫЕ»
00.15 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Қара шаңырақ»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00«Осман -3» т/х
10.30 «Алдараспан»
12.50 «Ауылға барам» ән кеші
15.40 х/ф «Каникулы в Тайланде»
17.25 х/ф «Базар жоқ, Мексика»
19.20 х/ф «СУПЕРАГЕНТЫ»
22.25 «Лакшми» т/х
00.00 Х/ф «Аға»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той БАЗАР»
07.45,03.30«П@утина»
08.50 «Воскресные беседы»
09.00 «Поехали»
10.00 «Қаймақ»
10.35«КВН» Кубок МЭРА Москвы
13.20 «XFACTOR»
14.30 «Моя новая жизнь»
18.40 «Әгугай»
20.00 «АНАЛИТИКА»
20.45 сериал «АРТИСТ»
00.50 «Что? Где? Когда?»
02.00«Родители года» т/х

КТК

07.05 «Менің жүрегім»
09.30 «Парад юмора» шоу
10.40 «ДВОЙНЫЕ СТАВКИ» (Повтор)
15.00 Т/х «Аталар сөзі»
17.00, 02.20,05.00 «Бәрі есімде» Медеу Арынбековтың ән кеші
20.00 Кел, Шырқайық!
21.00 «Динамен дұрыс »сұқбат
22.00 «Портрет Недели» с Артуром Платоновым
23.00 «ЗОЛОТАЯ ПАРОЧКА» мелодрама
01.35 «Было дело» повтор

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 М/ф «Татонка»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
17.30 «Әсем әуен»
18.30 «Бағыт»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ән тыңдайық»
21.00 «Әсем әуен»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,05.20 Әзілстудио
07.00 «BalaFunny»
07.30 «Күліп Алл»
08.00,03.40 Тикток шоу
08.30 Тайм вайн
09.00 «Телебинго» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Алдараспан»
12.00 «Казахи против пришельцев» комедия
14.40 а/ф «История игрушек»
16.00«Хроника нарнии. Принц каспиан»
19.40 х/ф «Планеты обезьян: Война»
22.40 хоррор«28 недель спустя»
01.00 «QazaqStandUp»
01.40 «Қос тағдыр»
03.20 Time Vine
04.00 1001 әзіл
04.10 Ризамын
04.30 Бала батл
05.00 «Whats up?»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00,02.10 «Харекет қорына 5 жыл»концерт
08.30,01.10 «ЖұлдызIIFE»
09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
11.30 Т/с «ИСКУШЕНИЕ НАСЛЕДСТВОМ»
16.00 Т/с «Қызықты weekend»
17.00 Әзіл тайм
18.00, 01.40 «Battle сөз»
18.30 Сериал «Никогда не бывает поздно»
23.00 Х/ф«Время патриотов»
04.00«Жеңіп көр»
04.45 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

ТӘРБИЕШІ - ҰЛЫ ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

МАМАНДЫҚТАРДЫҢ АРАСЫНДА ШЫНАЙЫЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ ОЛ – ТӘРБИЕШІ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ӨЙТКЕНІ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛЫНДА БАЛАНЫҢ БОЙЫНА ҮЙДЕГІ БЕРГЕН ТӘРБИЕДЕН БӨЛЕК БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ ОРАСАН.

Олай дейтінім тілдері енді шыға бастаған көп балалар үйде еркелікпен әкешешенің айтқанын аса ұға қоймасы анық. Мысалы біздің 3 жастағы қызымыз Жаухар Талдықорған қаласындағы 15-ші «Айгөлек» балабақшасына барады.

Сол жерден күніне бір жақсы сөз, болмаса ерекше бір ойынның түрлерін үйреніп келеді.

Марина Әбілқасымқызы жетекшілік ететін бұл мекемеде еңбегіне жантәнімен берілген, өмірдің мән-мағынасын, әрбір үйдің еркетотайларының алдында жауапкершілігін, сондай-ақ тұтастай ұлттың ертеңін тәрбиелеп жатқан тәрбиешілер бар. Соның ішінде «Жауқазын» тобындағы білімді де білікті тәрбиешілер: Айнұр Серіккызы, Гүлмира Несіпбайқызы және Нұргүл Қаратайқызының есімдерін ерекше айтар едім.

Хәкім Абай: «Баланы ең әуелі мейіршапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» десе, ұлт батыры Б. Момышұлы «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деген еді. Сол сияқты біз де балабақшадағы балбөбектерді игілікке тәрбиелеуге, сондай-ақ қоршаған ортада тәлімді тәрбие беруге қашанда жауапты екенімізді ұмытпағанымыз абзал. Бағыты жарқын дара жолға қадам басқалы тұрған ел ертеңі болатын бүлдіршіндерді тәрбиелеп жүрген барлық мейірімді де, білікті тәрбиешілеріміз көп болып, халқымыздың болашағы жарқын, келешегі кемел болсын деген ниетпен тәрбиешілік ұлтқа қызмет ететін бірден бір қажетті мамандық дегім келеді.

Айнұр ОРЫНБАЙҚЫЗЫ

ӘСКЕРИ ӨМІР

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАРЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ ЖЫЛДА ӨТКІЗІЛЕТІН ҚОРЫТЫНДЫ ТЕКСЕРУДІ СӘТТІ АЯҚТАДЫ.

ҚОРЫТЫНДЫ ТЕКСЕРУ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ



Дайындық жоспарына сәйкес өткізілген қорытынды тексеріске аудандық, қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармаларының және облыстық департаменттің әскери қызметшілері 100% қатысты. Үш күнге созылған қорытынды тексеріс өз мәресіне жетіп, қорытынды шығарылды.

Қорытынды тексеріс бірнеше кезеңмен өткізілді. Яғни, мемлекеттік-құқықтық, атыс, дене, саптық, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау даярлығы және жеке құрам Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскери жарғысынан сынақ тапсырды.

2023 оқу жылында Қарулы Күштердегі жауынгерлік сайыстың ұраны «Қуатты армия - Жаңа Қазақстан!» болғанын айта кетейік. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қорытынды тексеріс 2023 жылғы қараша айының соңына дейін жалғасады.

Жанат СЕМБАЕВ,
Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы.

ӘЛЕУМЕТ

ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА әлеуметтік сауалнама жүргізілді

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қолдауымен «Әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуал бойынша қала тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу» жобасы бойынша белсенді жұмысын жалғастыруда.



Осы негізде Талдықорған қаласының ең көп жүретін орындарының бірі – Орталық Арбатта қала тұрғындарымен сауалнама жүргізілді. Қатысушыларға арналған әлеуметтік сауалнаманың тақырыптары жанжақты қамтыды. Нақты айтқанда, сауалнама Мемлекет басшысының жолдауы мен реформаларына, этносаралық келісім мен дінге, қаладағы қоғамдық – саяси жағдайға, жастар саясаты мен жастар мүдделеріне қатысты болды. Әр сауалнамада 9-11 сұрақтан болды. Ал сауалнамаға жауап берген респонденттердің 20 пайызы ерлер, 80 пайызын әйелдер қамтыды. Зерттеуге әртүрлі жас топтарының өкілдері қатысты. Ең белсендісі егде жастағы және орта жастағы адамдар тобы болды. Жалпы сауалнамаға барлығы 280 адам қатысты.

Сауалнама мақсаты – жергілікті тұрғындардың белсенділік деңгейін және олардың қаланың әл-ауқаты мен тұрақтылығына инвестиция салуға дайындығының дәрежесін анықтау болды. Сұрақ тек ақпарат алу тәсілі ғана емес, сонымен қатар жобаға қатысудың әртүрлі түрлерін ұсынды.

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» ҚБ

МЕДИАЦИЯ

ДАУДЫ ЖЕДЕЛДЕТІП ШЕШУ ЖОЛЫ

КҮНДЕЛІКТІ СОТТЫҢ КҮЙБЕЛЕҢ ТІРШІЛІГІНІҢ ҚАЗАНЫНДА ҚАЙНАЙ ЖҮРІП, КҮН САЙЫН НЕШЕ ТҮРЛІ ДАУ ДАМАЙДЫҢ КУӘСІ БОЛЫП ЖҮРЕМІЗ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨКІНІШТІСІ СОЛ ТҮЙМЕДЕЙ НӘРСЕНІ ТҮЙЕДЕЙ ЕТІП, СОТТЫҢ АЛДЫНА КЕЛІП, БЕТ ЖЫРТЫСЫП ЖАТҚАН АЗАМАТТАРДЫ КӨРГЕНДЕ ҚАТТЫ ҚЫНЖЫЛАСЫҢ.

Сотқа арыз жазушының төлейтін баж салығы жұрттың бәріне қолжетімді арзан болғандықтан ба әлде қарсы тарапты соттың алдына алып келіп, тәубасына келтіруді қызық көретіндер көбейіп кеткендіктен бе қит етсе мәселенің байыбына бармастан арызын арқалап сотқа жүгінуді дағдыға айналдырғандарды да кездестіріп жатамыз. Осы орайда «Аз да бітер, көп те бітер, татулыққа не жетер» деген дана халқымыздың аталы қағидасы еріксіз еске оралады. Иә, жаңадан басы басталып қоңырсып келе жатқан дауды, лапылдатып тұтандырмай, дер кезінде сөндірсе құда да тыныш, құдағи да тыныш қалпында қалып, аражігі ажырамаған болар еді.

Қазіргі кезде осындай болымсыз дауларды ушықтырмай, екі жаққа да тиімді етіп шешудің жолын табатын бітімгершілік шаралары бар екенін жұрттың бәрі біле бермейді. Сондықтан дауды медиациялық тәртіппен шешудің жолдары туралы кеңес бере кетсек артық болмас. Медиация - жанжалға мүдделі емес үшінші тараптың қатысуымен дауларды бейтарап және әділ баламалы реттеу нысаны болып табылады. Соңғы уақытта медиацияның танымалдығы артып келеді. Оның жаңа түрлері пайда болады. Мектеп медиациясы дамыды. Дәстүрлер мен тарихи мұраны ескере отырып, этномедиация жұмыс істей бастады. 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» Заң қабылданды, ол Қазақстанның бүкіл құқықтық жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Қазақстан тарихында алғаш рет құқықтық кеңістікте жауапкершіліктің жаңа түрі немесе міндеттемені қамтамасыз ету тәсілі емес, адам құқықтарына, бостандықтарына және адамның өзіне деген құрметін арттыруға, өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды шешуге арналған қоғамдық санаңы нығайтуға бағытталған жаңа құқықтық институт пайда болды. Медиация-құқықтық мәдениеттің қажетті элементі, медиацияны қоғамдық қатынастарды реттеуде кеңінен қолдану - азаматтық қоғамға көшудегі маңызды қадам. Медиация азаматтардың жауапкершілік сезімін, олардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну және қабылдау мәдениетін арттырады.

Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИЕТ

НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВКЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ





ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ЕКІ МӘРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ, СОҒЫС АРДАГЕРІ НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТІҢ ЕСКЕРТКІШ БЮСТІ АШЫЛДЫ.

Бюст қаланың 6-шы шағын ауданында орналасып, маңайы сквер ретінде абаттандырылды. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Алдымен ескерткіштің шымылдығы түріліп, бюст алдына гүл шоқтары қойылды. Жиналған көпшілікті қуанышты оқиғамен құттықтаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев бүгінгі қоғамда еңбек құндылығын арттырудың маңызына тоқталса, Социалистік Еңбек Ерінің қызы Раушан Алдабергенова да тілегін білдірді.

Жиналған жұртшылық ескерткіштің қос қапталына қойылған көрмемен танысты. Онда Нұрмолда Алдабергеновтің тұтынған жеке заттары, Еңбек Ері туралы жазылған кітаптар, қайраткердің өмірі мен еңбегі жайлы ақпараттық банерлер көпшілік назарына ұсынылды.

«Жетісу сазы» ансамблі қазақтың күйлерін төгілтіп, әншілер рухты әндерімен мерекенің шырайын кіргізді.

Атап өтсек, ескерткіш бюстінің авторлары – сәулетші Қаби Баулықов пен мүсінші Нұрғалым Исабаев. Ескерткіштің биіктігі – 1,4 метр, тұғырының биіктігі – 2,9 метр. Бюсті қоладан құйылып, тұғыры граниттен қойылған. Ескерткіштің маңайын абаттандыруға жергілікті бюджеттен 115 млн. теңге бөлініп, сквер жасалды. Мұнда 80-дей жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылып, 16 орындық қойылған. Газон төселіп, 42 жарық шамы орнатылған. Автосуару жүйесі жұмыс істейді.

Еске салсақ, Нұрмолда Алдабергенов, Кербұлақ ауданында туған. Қазақстанда колхоз ұйымдастыру ісіне белсене қатысқан, колхозды басқарған. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1948, 1958). Ұлы Отан соғысына қатысқан, қоғам қайраткері. Даңқты еңбек адамы туралы Сәбит Мұқанов «Алдабергенов туралы аңыз» атты поэма жазған, жазушылар Сәуірбек Бақбергенов, Ұзақбай Доспанбетов, Құттыбек Баяндин деректі кітаптар жазған. Қазір Ескелді ауданындағы Шұбар ауылына Алдабергеновтің есімі берілді. Ауылда сол елді мекеннен шыққан 20 Социалистік Еңбек Еріне қоладан ескерткіштері қойылған сквер бар, сквердің ортасында 21-ші ескерткіш – Нұрмолда Алдабергеновтің мүсіні тұр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТАНЫМ

ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ

Ғасырға жуық мерзімді кері шегерсек, қазақ киносының кино әлеміне әупірімдеп қадам басқан кезеңіне табан тірейміз. Әлбетте, кино әлеміне нық қадамдар жасап, сол әлемде таңдаған қалдыру осы саланың ұшынан ұстағандар үшін өте қиын болды. Өнердің алтын сандығы іспеттес қазақтың кино өнері өз жеңісін Қазан төңкерісінен кейін бастады.

Алғаш рет 1938 жылы «Ленфильм» киностудиясында түсірілген «Амангелді» фильмі көгілдір экранға жол тартты. Сондай-ақ фильм ең алғашқы белгілі тұлғаға арнап түсірілген туынды еді. Бұл фильмнен кейін де қазақ кино қоржыны еншісін көрермен көзайымына айналған талай кинотуындылармен майлады.

Бүгінгі жаңа әртістер, жаңа кинолар, жаңа режиссерлер өткен күннің елесіне айналған ғасыр бұрынғы туындылардың ізін суытпай, қыл көпірін жалғап келеді. Әрине, бұл қазақ киносының белгілі дәрежеге ие екенінің айғағы. Алғашқы фильмдер 1925-1946 жылдар аралығында түсірілді. Кейін «Қазақфильм» киностудиясының түсіруімен 1972 жылы Сұлтан Қожықовтың толықметражды «Қыз Жібек» көркем фильмі өз көрерменімен қауышты. Міне, осылайша, отандық фильмдер бір арнада тоғысты. Бұл жылдарды тағы кері шегерсек, 1991 жылдан бері қарай жарыққа шыққан туындылардың дөп үстінен түсеміз. Дәл осы уақыттан беріге дейін қазақ киносы жаңа өркендеу баспалдағына көтерілгендей.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы киностудиялардың саны да едәуір өсті. Мемлекет енді ғана аяғынан тұрып жатқанда, өнердің бұл саласы бірде шеткері, бірде ілгері жүріп жатты. Туындылардың жарыққа шығуына ең үлкен кедергі киностудиялардың шығынға ұшырауы еді. Жекеменшік киностудиялар өздерін қаражатпен қамтамасыз ете алмаған соң, мемлекет те аянып қалмады. Соның арқасында тек авторлық фильмдерді ұсынып жүрген киностудиялар, түрлі жанрдағы фильмдерді де түсіруге қол жеткізді. Осыдан кейін мемлекет пен киностудиялар арнайы келісімшарт жасасып, кино өндірісінің дамуына айтарлықтай қолдау көрсетті.

1997 жылдан кейін елде кино саласы тоқырауға ұшырады. Бұл тек қазақ кино саласында емес, жалпы Орта Азия елдерін қамтыған үдеріс болды. Ал бұның себебін анықтау әлеуметтанушылар мен киносыншылардың еншісінде.

Ал жаңа бетбұрысқа көшу өнердің бұл саласында айқын көрінді. Тарихи туындылардың қатары көбейді. 2000 жылдан бері қарай жарыққа шыққан тарихи кинолар жиынтығын: «Көшпенділер», «Сардары», «Жау жүрек мың бала» фильмдері құрады. Бұл тек тарихи кинолардың бірен-сараны ғана. Бір қызығы, 2005 жылдан жоғары көтерілгенде жаңа леп, жаңа толқын уақыты келіп жетті. Бұл уақытта продюсерлер мен режиссерлердің жаңа сарыны қазақ кинематографиясының көшіне ілесіп үлгерді. Осы уақыт аралығында белсенділігімен көзге түскен - Ермек Тұрсынов. Ол бүгінге дейін біраз кинолардың сценарийі үшін қалам серпіген. Оның ішінде, «Жат», «Шал», «Кемпір», «Кенже» және т.б фильмдердің режиссері және сценарисі болды.

Кейін бұл көштің соңын Баян Алагөзова, Нұртас Адамбай, Нұрлан Қоянбаевтар жалғады. «Ғашық Жүрек», «Ғашық Жүрек -2», «Осторожно, корова», «Махаббатым жүрегімде», «Тракторшының махаббаты», «Баян сұлу», «Сиситай», «Я Пышка» фильмі жарық көрді. Дәл осы типпен Нұртас Адамбайды да атасақ болады. Жастар арасында фильмдері айтарлықтай беделге ие болған продюсер 2014 жылы шыққан "Келинка Сабина" арқылы көпшілік жұртқа танылды. Нұрлан Қоянбаевқа келер болсақ, ол ең алғаш «Бизнес по-казахски» фильмімен бастап, ары қарай осы фильмді жалғастырды. Қазір қазақ фильмінің дамуына өз үлесін қосып жүргендердің қатарынан.

2019 жылы тарихи мәні зор «Томирис» фильмі жарық көрді. Фильм сюжетінде: Тарих, сенім, намыс, елге, жерге деген шексіз құрмет пен риясыз махаббаттың өрнегі кестеленгендей. Жылына бір мәрте болса да, тарихи фильм түсіру, жас ұрпақ үшін тым пайдалы әрі қызықты болмақ.

Өз тарихын, өткен-кеткен өмірін, тегін, ата-бабаның көзіндей болған жердің қандай зұлматпен келгенін білу - әр қазақ баласының парызы іспетті. Сондықтан тарих пен кино тамырласып, астасып жатуы тиіс. Кітап оқымайтын ұрпақ, көгілдір қораптың төрінен орын бермей, кино көреді. Сол үшін тарихи жанрдағы фильмдерді түсіру қомақты қаржыдан бұрын, саналы ұрпақтың санын көбейтуге септігін тигізеді.

Еркежан ОСПАН,
Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Журналистика факультетінің 2 курс студенті.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАН ЖАПЫРАҚ

Сұр аспаннан суық жаңбыр тамшылайды
сіркіреп,
Естен кетпес жаз думаны өте шықты
дүркіреп.
Өші бардай өршеленді ызғырық жел
ышқынып,
Бір бұтақта жалғыз қалған жапырақты
сілкілеп.

Суық ызғар сумаң қақты күзгі бақты аралап,
Қымсынғандай сұқ көздерден тыр жалаңаш
сая бақ.
Құба күзден шуақ іздеп, бүрсең қаққан бір
торғай,
Отыр әне жалғыз қалған жапырақты
паналап.

Тұман жапты, сұрқай тартты жазғы
әсем атырап,
Жел өтінде діріл қақты тал табиғат
қалтырап.
Тағдырының жазуына шарасыздан
көнді де,
Көлбей түсіп, кетті ұшып қалған
соңғы жапырақ...

ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛДЫМ ...

Қолыма қалам алдым жатып
алмай,
Болар деп бұл ісімнің арты қандай.
Кеудемсоқ, меннен мінез танытуға,
Алдында жыр киенің дәтім бармай.

Төгілтер жыр нөсерін ақын талмай,
Нөсерін төгілер жыр сарқып алмай.
Шалқымас шартарапқа көңіл шаты,
Шабыттың шарабынан татып
алмай.



Жыр тумас көңілде кір, даты барда,
Парасат парқы биік ақындарда.
Ұмтылам әдебиет әлеміне,
Менің де жыр жазуға қақым барда.

Жыр бағы шабытымның жеміс
берер,
Жемісі жұмыр әрі, тегіс келер.
Басыма бақ боп қонған Тәңір
сыйын,
Қаумалай қоршап жүрер
періштелер.

Өрнектеп өлең сөзден өрген өрім,
Ақынға әрқашанда төрден орын.
Халықтың құрметіне тең келетін,
Білемін еш марапат, орден жоғын.

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА

СОТРУДНИЧЕСТВО В ПРОИЗВОДСТВЕ ШВЕЙНОЙ И СЕЛЬХОЗПРОДУКЦИИ

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, НА ВСТРЕЧЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬНИЦ Г.АЛМАТЫ С ДЕЛЕГАЦИЕЙ «ФОНДА РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА СРЕДИ ЖЕНЩИН» («SHE STARTS»), ТОРГОВО-ПРОМЫШЛЕННОЙ ПАЛАТЫ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ БИЗНЕСВУМЕН КАЗАХСТАНА И КЫРГЫЗСТАНА ОБСУДИЛИ СОТРУДНИЧЕСТВО В ПРОИЗВОДСТВЕ ШВЕЙНОЙ И СЕЛЬХОЗПРОДУКЦИИ.



Стороны обсудили вопросы сотрудничества в производстве швейной продукции, сельскохозяйственной продукции (мед, пастила, яблоки, орехи, чернослив), производство удобрений, косметическая продукция, текстиль.

Целью встречи является создание платформы для обмена торговыми опытом, а также обсуждение экспортно-импортных барьеров между кыргызскими и казахскими малыми и средними предприятиями.

Модератор встречи, эксперт отдела по международным отношениям РПП г.АлматыАйнурБаспакова, поприветствовав гостей, отметила тесное сотрудничество двух стран.

«Два торговых центров Алматы и Бишкек географически находятся рядом.



Совместно мы можем укрепить деловые связи бизнесвумен двух стран и создать альянс деловых женщин. Сегодня мы проведем B2B переговоры по ряду предложений», – сказала АйнурБаспакова.

По данным пресс-службы премьер-министра, товарооборот Казахстана и Кыргызстана за 7 месяцев вырос до 757 млн долларов. Объем торговли между Казахстаном и Кыргызстаном за 7 месяцев текущего года вырос на 13% и составил 757 млн долларов.

АйнурБаспакова рассказала гостям о деятельности региональной палаты предпринимателей города Алматы. Далее были проведены B2B переговоры между предпринимателями двух стран.

Ш. ХАМИТОВ.

В ДВА РАЗА ПОВЫСЯТ СТИПЕНДИИ СТУДЕНТАМ КОЛЛЕДЖЕЙ

ОБРАЗОВАНИЕ

Бесплатное обучение по востребованным профессиям и увеличение стипендий в два раза ожидает студентов колледжей Казахстана. Подробности журналисты NUR.KZ узнали на сайте премьер-министра РК.

С 1 сентября 2023 года размер стипендий студентов, которые обучаются в колледжах, был повышен на 50%. Те кто обучается по рабочим специальностям начали получать по 32 681 тенге в месяц, а те, кто получает послесреднее образование — по 31 422 тенге. Однако государственная поддержка студентов училищ и колледжей на этом не заканчивается. Как сообщается на официальном информационном ресурсе премьер-министра РК, в следующем году планируется повышение их стипендий еще на 50%. Таким образом, к 2025 году они увеличатся в два раза.

«У нас для выпускников 9-го класса предусмотрено бесплатное обучение в колледжах по востребованным специальностям. За 3 года увеличен объем соответствующего госзаказа на подготовку кадров. Если ранее за счет бюджета обучались 95 тысяч студентов колледжей, то в текущем году их число выросло до 133 тысяч. Мы и далее продолжим увеличивать госзаказ», — рассказал о планах премьер-министр АлиханСмаилов.

К 2025 году планируется увеличить объем госзаказа до 155 тыс. мест. В целом же, к этому времени, по словам министра просвещения ГаниБейсембаева, планируется на 100% охватить бесплатным обучением в колледжах тех студентов, которые будут обучаться по востребованным в стране профессиям. Таким образом, в ближайшие два учебных года сферу технического и профессионального образования (ТиПО), то есть колледжей и училищ, ждут большие перемены: повышение стипендий и расширение возможностей для бесплатного обучения.

ЗАКОН

О СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЕ

В соответствии со ст. 82 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V, судебная экспертиза назначается в случаях, когда обстоятельства, имеющие значение для дела, могут быть установлены в результате исследования ее объектов, проводимого экспертом на основе специальных научных знаний.

Наличие таких знаний у иных лиц, участвующих в гражданском судопроизводстве, не освобождает суд от необходимости в соответствующих случаях назначить экспертизу. Наличие в деле актов ревизий, проверок, заключений ведомственных инспекций, а также письменных консультаций специалистов, отчетов оценщиков не заменяет заключения эксперта и не исключает возможности назначения судебной экспертизы по тем же вопросам.

Потребности современного общества в использовании специальных знаний в науке, технике, искусстве или ремесле в рамках судопроизводства, позволяет рассматривать сегодня судебную экспертизу как самостоятельное процессуальное действие, которое по сути представляет собой механизм защиты прав и свобод граждан, юридических лиц и интересов государства.

Законом Республики Казахстан «О судебно-экспертной деятельности» определено, что задачей судебно-экспертной деятельности является обеспечение производства по уголовным, гражданским делам, а также по делам об административных правонарушениях результатами судебной экспертизы.В частности в статье 7 настоящего закона указано, судебно-экспертная деятельность осуществляется при соблюдении прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, прав и законных интересов юридического лица в соответствии с Конституцией, законами Республики Казахстан и общепризнанными принципами и нормами международного права.

Нередко возникший спор просто невозможно решить без назначения и проведения судебной экспертизы.Судебная экспертиза назначается в случаях, когда обстоятельства, имеющие значение для дела, могут быть установлены в результате исследования ее объектов, проводимого экспертом на основе специальных научных знаний.Виды экспертиз, применяемых в гражданском процессе, так же разнообразны и многочисленны, как отрасли специальных знаний. В частности, суд назначает судебную экспертизу по ходатайству стороны или по своей инициативе. Например, по заявлению стороны и других лиц, участвующих в деле, о фальсификации письменного доказательства суд вправе назначить соответствующую экспертизу. В качестве эксперта может быть вызвано незаинтересованное в деле лицо, обладающее специальными научными знаниями.

Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан (далее – ГПК) установлено, что заключение эксперта является одним из доказательств, устанавливающих наличие или отсутствие обстоятельств, обосновывающих требования и возражения сторон, а также иных обстоятельств, имеющих значение для правильного рассмотрения и разрешения дела.

Манап ДЖАНГАЗИЕВ,
судебный пристав Текелийского городского суда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ КІМ ҰЛЫҚТАЙДЫ?

Егемен ел болғалы жоғалтқанымызды іздеп тауып, ұмытуға шақ қалған ұлттық ойындарымыз қайта жаңғырды. Этнограф-ғалым Жағда Бабалықұлы ұлттық ойынның 300-дей түрі болғанын жазса, қазір оның 20-дан астамы ғана халық жадында сақталған. Осыдан-ақ оларды ұлықтаудың қажет екені айтпаса да түсінікті.



Ауыл-аймақтарда, республика көлемінде жарыстар өткізіліп келеді. Тіпті халықаралық деңгейде де дүбірлі додаларда спортшыларымыз сынға түсіп жатыр. Дегенмен де кейбір өңірлерде ұлттық спорттың насихаты кем болып тұр.

Қазақстанда төрт жыл сайын ұлттық спорт түрлерінен фестиваль өтті. Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы бас-қасында жүрді. Асық ату, аударыспақ, бәйге, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, жекпе-жек, көкпар, қазақ күресі, құсбегілік, теңге ілу, тоғызқұмалақтан мықты өңірлер анықталды. Фестивальге еліміздің барлық өңірінен 11 спорт түрі бойынша 1381 спортшы қатысты. Түркістан облысы жеңімпаз атанып, екінші орынды Астана қаласы, ал үшінші орынды Жамбыл облысы иеленді. Абай және Ұлытау облыстарының командасы бар-жоғы төрт спорт түрінен сынға түсті. Екі өңірде жекпе-жек, жамбы ату, бәйге, аударыспақ, теңге ілумен айналысатын ешкім жоқ дегенге сену қиын. Тіпті қазақ күресі мен асық ату-дан спортшы әкеле алмаған өңірлер табылды. Бүгінде ұлттық спорт түрлерінен 11 федерация бар десек, фестивальді жамбы ату, көкпар, құсбегілік, асық ату, теңге ілу федерациялары ғана қолдаған. Ал қалған федерациялар дүбірлі доданы өткізуге селқос қараған. Әр спорттың басында тұрған федерациялар жік-жікке бөлінбей, керісінше осындай додаларда бас қосып, бірігуге тиіс емес пе еді? Әлде ол жақта ұлттық спортқа жаны ашитын ешкімнің болмағаны ма?

Мысалы, жақында «Жамбы ату» федерациясының мұрындық болуымен жамбы атудан жастар мен жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті. Мұндағы мақсат жас жеткіншектерді қазірден спортқа баулу, мықтыларды анықтап, құрамаға қосу еді. Әр өңірден атқа мініп, садақ ата алатын жас өрендер шақырылды. Дүбірлі додада үш күн бойы жас спортшылар шеберлігін көрсетіп, кіл мықтыдан кім мықтыны анықтады. Түркістан, Қызылорда және Алматы облыстарының спортшылары жеңіс тұғырынан көрінді. Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Ұлытау, Абай, Павлодар, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарынан бірде-бір қатысушы келмеді. Мұндай жарыстар, фестивальдер ұлттық спортымызды насихаттап қана қоймай, салауатты өмір салтын ұстану мен жастарды отанын сүюге тәрбиелейді. Сондықтан ең алдымен ауыл-аймақта ұлттық спортқа деген қызығушылықты арттыру керек.

Биыл Алматыда 2028 мектеп оқушысы бір мезетте тоғызқұмалақ ойнап, Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енді. Бұл да ұлттық спортымызды ұлықтаудың бір жолы емес пе?

2022 жылы жарияланған статистикаға сәйкес, елімізде жарты миллионға жуық адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады. Олардың басым бөлігі көкпар тартып, атын бәйгеге қосатын оңтүстік өңірлердің тұрғындары екені жасырын емес. Солтүстік және шығыс өңірлерде жағдай көңіл көншітпейді.

Жапонның дзюдосы секілді қазақ күресін Олимпиада ойындарына қосқымыз келеді. Тоғызқұмалақ шахмат секілді барша әлем ойнайтын ойын болса дейміз. Алайда ұлттық спортымызды дамытуға үкіметтен там-тұмдап қана ақша бөлінеді. Елімізде ең алдымен олимпиадалық спорт түрлеріне назар аударылады. Төрт жылдықтың дүбірлі додасына дайындық жасауға ел қазынасынан миллиардтар аударылады. Былтыр республикалық бюджеттен ұлттық спортты дамытуға бар-жоғы 150 млн теңге қарастырылған. Оның өзі Қазақстан құрамасын Түркияда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойынына апаруға, спортшылардың ұлттық спорт түрлерінен өтетін Азия чемпионаттарына, халықаралық кубоктар мен жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге, республикалық деңгейдегі жарыстар өткізуге жұмсалған. Былтыр Бейжіңде өткен қысқы Олимиадаға қатысатын спортшылардың дайындығына Қазақстан 3,5 млрд теңге жұмсаған. Ал Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарына 15 млд теңге бюджет қаржысы кеткен. Құрама формасының өзіне 824 млн теңге тұрады. Тек қола медаль бұйырған ел тарихындағы ең нашар Олимпиадаға дайындалуға жұмсалған қаржы мен ұлттық құндылығымызды ұлықтап, сан ғасырдан келе жатқан ойындарымызды жаңғыртуға бөлінген қаржыны өзіңіз салыстырып көріңіз.

Спорттың олимпиадалық түрлеріне ертеден ерекше көңіл бөлінеді. Материалдық базасын нығайтуға, спортшыларды даярлауға республикалық бюджеттен жыл сайын миллиардтар жұмсалады. Ұлттық спорт дамуы үшін де дәл сондай жағдай жасалуы керек. Елімізде атшабарлардың саны елуге жетпейді. Әр өңірде ірі атшабарлар, жабық ат спорты манежі болуы қажет. Өйткені көкпар, бәйге, теңге ілу, аударыспақ секілді спорттармен айналысу үшін астында атың болуға тиіс. Ал оларды баптау, жем-шөбін беру, жарыстарға тасымалдау да қаржыны талап етеді. Бұл құсбегілікке де қатысты болып отыр. Сондықтан өңірлерден келетін спортшылар жарыстарға үйреткен тұлпарын қоса алмай, өзгенікін мінуге мәжбүр. Тіпті осы себептен кейбірі жарысқа келе алмай да қалады.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту алғаш қолға алынған жылдары әрбір облыста атшабарлар мен көкпар алаңдары салынып, ат спорты мектептері ашылды. Алайда уақыт өте келе мұндай нысандардың көпшілігі қараусыз қалып, пайдаланылмай бос тұр. Кей өңірде жөні түзу атшабар жоқ, яғни сапасы сын көтермейді. Спорт инфрақұрылымының жағдайымен қоса, ұлттық спорт түрлерінен мамандар даярлайтын арнайы бірде-бір орталық жоқ. Бір ғана бапкер 150 көкпаршыны жаттықтырады. Өз өңірінде жаттығатын орын, даярлайтын бапкер болмағандықтан спортшылар ұлттық спортқа ден қойған облыстарға ауысуға мәжбүр. Жағдайдың жоқтығынан ұлттық спорттан қол үзгендер қаншама.

Бір өңірде азаматтар ұлттық спортты дамыту үшін барын салып жатыр. Енді бірінде оған жаны ашитын ешкім жоқ. Сонда көкпар мен бәйге, жамбы ату мен аударыспақ кімге керек? Қазақ халқына тиесілі спорт түрлерін өзімізден басқа кім дамытады? Жоғалтқанымызды жаңғырту, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау ұлтжанды тұлғаларға ғана артып қояр іс емес. Өңір басшылары мен Үкімет мүшелері, заң шығарушы органдар да бұған назар аударуға тиіс. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын «Ұлттық спорт туралы заң» қабылдау туралы ұсыныс жасалған. Ол да айтылды. Айтылған жерінде қалды.

Келер жылы Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Әлемнің жүзден аса елінен 3000-нан аса спортшы келеді. Сол кезде ұлттық спорттың деңгейі көрініп, жоғы білінеді. Мәдениетіміз бен өнеріміз, тарихымыз бен болмысымыз, салт-дәстүріміз көрініс табатын ұлттық спортымызды бүкіл әлемге паш еткіміз келеді. Ол да дұрыс шығар. Бірақ өз ішімізде, халық арасында насихаттай алмай жатқанымыз көңілге кірбің ұялатады.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ

ВЕЛОСПОРТ

АНАДОЛЫДА АЛДЫНА ЖАН САЛМАДЫ

Түркия тасжолдарында ұйымдастырылған велоспорттан «Түркия президенттік туры» жерлесіміз Алексей Луценконың жеңісімен аяқталды.

Жарыстың үшінші кезеңінен бастап көшбасшыға тиесілі көк жейдені киген «Astana Qazaqstan Team» велошабандозы Ыстанбұлда мәресіне жеткен сегізінші кезеңге дейін жалпы есепте алдына жан салған жоқ. 130,5 шақырымға жалғасқан велокөпкүндіктің соңғы кезеңінде бельгиялық Йеспер Филипсен («Alpecin-Deceuninck») жеңіске жетсе, екінші және үшінші орындарды «Астананың» нидерландтық өкілі Кейс Бол мен италиялық Джованни Лонарди («EOLO-Kometa») иеленді.

«Астана» капитаны Алексей Луценко бұл кезеңде мәре сызығын сегізінші болып кесе де, жалпы есептің қорытындысы бойынша жеңіс тұғырына көтерілді. Оның уақыт көрсеткіші – 30 сағат 6 минут 58 секунд. Луценкодан 26 секундқа қалып қойған германиялық «Bora-Hansgrohe» командасының өкілі Бен Цвихофф екінші орынды еншілесе, қола жүлде тағы бір «Астана» командасының велошабандозы Харольд Техадаға (Колумбия) бұйырды. «Астананың» өзге өкілдерінің нәтижесіне тоқталар болсақ, жалпы есепте Кейс Бол – 55, Микеле Гадзоли (Италия) – 79, Глеб Сырица (Ресей) – 101 және Марк Кавендиш (Ұлыбритания) 130-орынға ие болды.



Материалдар egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕГЕН ЕКЕН

«ҮШБҰЛАҚТА» БОЛҒАН ОҚИҒА...

Үшбұлақтың мөлдір суынан қана ішіп, ауылдан ала шыққан дорбадағы ас-ауқатын жеп отырған Мұрат пен Тұрарбектің қасына жайлауға кетіп бара жатқан бір ақсақал кеп аттан түсіп амандасып, кімнің баласысың? – деп жөн сұрағанда Мұрат аға:

–Лақтың баласымын – дейді. Өз кезегінде Тұрарбек аға:

– Сарылақтың баласымын – дейді, ойында ештеңе жоқ.

Ақсақал қатты ашуланып, мені келеке-мазақ қылып тұрсыңдар деп, Түкеңді қамшының астына алады ғой, келіп... Мұрат пен Тұрарбек ағатайлап жүріп, аман-есен қашып құтылыпты. Әлгі кісі жол жөнекей сиыр бағып отырған бақташының үйіне түсіп, түстеніп отырғанда жолда. Үшбұлақта болған жайды айтады ғой, осылай да осылай, мені келеке-мазақ қылып... деп.Үй иесі шегі қата күліп:

– Мына, Сарноқай тауының етегіндегі ауылда Лақ, Сарылақ деген кісілер тұрады. Лақтың баласы колхоздың ветврачы, Сарылақтың баласы ветврачтың шопыры-дегенде:

– Қап, естімеген елде көп деген, анықтап сұрап, біліп алмай жатып жігіттерге қол көтергенім ұят болды-ау! – деген екен ақсақал.

«ШАЙ ІШЕТІН БОЛДЫҚ ҚОЙ!»

Қызына онша назар аудармай, кітап оқып отырып алған шешесін айналсоқтап, қарны ашып жүрген екі жарым жастағы Айнұр, бірталай уақыт өткеннен кейін барып шешесі ас үйдегі ыдыс-аяқты салдырлата бастаған кезде:

– "Құдай-ай, құдай, шай ішетін болдық қой!", – деген екен, қуанып.

АТАҢЫЗДЫҢ АТЫ ЖЫЛТЫР...

Атақты Ақан серіні бала кезінде әкесі хат танысын деп молдаға беріпті. Молданың Ақанға жезделік туыстығы бар және өткен жылы ғана қажылыққа барып келген екен. Бала Ақан әріп танып, жазу жаза алардай халге жеткен соң, отырып алып өлең жаза беретін болыпты. Ақанның өлең жазғанын ұнатпаған молда жездесі:

– Арғы аталарың ақын ба еді, немене?! Өлең жазғышын, өзінің... Жазба!,-деп зекіген кезде табан астынан бала Ақан:

– Сіздің атаңыздың аты Жылтыр,
Меккеге барып келгеніңіз былтыр.
Мен сіздің атаңызды ар жағынан тірілтсем,
Төрт аяғынан бірдей сылтыр – деген екен...

Сөйтсе, молданың арғы атасы қолға түскен тұтқын қалмақ екен.

ТУҒАН КҮН

Кеңес өкіметі кезінде ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететін Нұрхамит пен Алдоңғар күнде қызыл шарап ішіп ап, қызара бөртіп, «бөгіп» жүреді екен. Онысын байқап қалған бригадир:

– Әй, сен екеуің, немене, ішіп алғансыңдар ма?! – деп екеуіне шүйіліккенде:

– Мына... Алдоңғардың туған күні еді...-деп ақталған екен Нұрхамит, кінәларын жуып-шайып. Алдоңғардың «туған күні» күн сайын қайталана берген соң:

– Әй, Нұрхамит-ай, бүгін менің туған күнім болмайақ қойсыншы... – деген екен, шарап ішуден әбден шаршаған Алдоңғар.

«ҚАР ЖАУЫП ТҰР»

Өткен ғасырдың елуінші жылдары шағын-шағын, жеке колхоздардың төрт-бесеуі бірігіп, бір ауылдық кеңесті (сельсовет) құрайтын. Аупартком, (аудандық партия комитеті), Ауатком (аудандық атқару комитетіндегілер) егін ору, шөп шабу, малды жайлауға көшіру, тағы да басқа қызу науқан кезінде әр сельсоветке қарасты колхоздарға бір-бір қызметкерін уәкіл (уполномоченный) етіп жіберіп, ауылда істеліп жатқан жұмыстарды жоғарыдан қадағалап отырған ғой кезінде. Ауыл адамдары әлгі «уәкілдерден» жан алғыш әзірейілден де жаман қатты қорқатын.

Күздің қара суық, бұлтты да бұлыңғыр бір күнінде қалай болса солай, арсы-гүрсі сөйлей салатын Әбдіқадыр деген шабарман (курьер) кеңсеге кіріп келіп:

– Далада қар жауып тұр! – дегенде, қызмет уақыты басталғалы бері тым-тырыс, өз ісімен өзі болып отырған кеңсе қызметкерлері есеп шоттың тасын сарт-сұрт қағып, қағаздарын ары-бері ақтарысып, сатыр-сұтыр қызу еңбекке кірісіп кеткен екен... Сөйтсе, айқай-аттанның адамы, басыңа әңгір таяқ орнататын «әзірейіл», ауданнан келген уәкіл Қаржауов келіп, далада тұр екен деп қалған ғой, баяғы...

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

Қоғамдық тыңдаулар

«Сәлем-Құс» ЖШС Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Нұрманбетов көш., 25 «А» мекен-жайы бойынша орналасқан «Сәлем-Құс» ЖШС бөдене жұмыртқасын өндіру бойынша құс фабрикасы үшін «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасының құжаттары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Тапсырыс беруші: «Сәлем-Құс» ЖШС, БИН 170740030694, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Нұрманбетов көш., 25 «А», индекс 040500, тел. 87017184500.

Орындаушы: ЖК «Кезембаева», ИИН 680113400050, тел. 87077924445;

Жобалық құжаттар www.ecoportal.kz сайтына жүктелген.

Ескертулер мен ұсыныстар www.ecoportal.kz сайтында, сондай-ақ электрондық пошта zhumadilova.kamshat@mail.ru арқылы қабылданады және Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26 мекен-жайы бойынша қабылданады.

Қоғамдық тыңдау 2023 жылдың 30 қарашасында сағат 10:00-де өткізіледі.

Мекен-жайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көш., 52.

ZOOM платформасының видеоконференция сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/77492140935?pwd=tKk5sagUvLiaLfl2Qi1QPBqZyCqSaK.1

Конференция идентификаторы: 774 9214 0935

Құпия сөзі: zxQF2t

Қосымша сұрақтар бойынша Алматы қ., Торайғыров көш., 11/39 мекен-жайына хабарласуыңызды сұраймыз. Тел. +77077924445.эл. почта: g.kezembayeva@gmail.com

Общественные слушания

ТОО «Салем - Кус» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам Проекта «Оценка воздействия на окружающую среду» для птицефермы по производству перепелиных яиц ТОО «Салем-Кус», расположенной по адресу: Жетысу область, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. Нурманбетова д. 25 «А».

Заказчик: ТОО «Салем - Кус», БИН 170740030694, Жетысу область, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. Нурманбетова д. 25 «А», почтовый индекс 040500, тел. 87017184500.

Разработчик: ИП «Кезембаева», ИИН 680113400050, тел. 87077924445;

Документация по проекту размещена на сайте www.ecoportal.kz.

Замечания и предложения принимаются на сайте www.ecoportal.kz, а также по эл. почте zhumadilova.kamshat@mail.ruи адресу: Жетысуская область, 040000, город Талдыкорган, улица Кабанбай Батыра, № 26.

Слушания состоятся 30ноября 2023 года в 10:00 ч.

По адресу: Жетысуская обл., Ескельдинского р-н, с. Карабулак, ул. Оразбекова, 52.

Видеоконференция на платформе ZOOM.

https://us04web.zoom.us/j/77492140935?pwd=tKk5sagUvLiaLfl2Qi1QPBqZyCqSaK.1

Идентификатор конференции: 774 9214 0935

Пароль: zxQF2t

По дополнительным вопросам просим обращаться по адресу: г. Алматы, ул. Торайгырова 11/39.Тел. +77077924445, эл. почта: g.kezembayeva@gmail.com

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Малика ҒАЛИ



Анна ЖИЕМБАЕВА



Алима МОЛДАШ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс №1197
Индекс 15534